Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 24 (1079)

24.06.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

АЯЛДАМАЛАРДЫ КҮТІП ҰСТАУҒА ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА 282 АЯЛДАМА КЕШЕНІ БАР. ОЛАРДЫ КҮТІП ҰСТАУҒА БИЫЛ ҚАЗЫНА ҚОРЖЫНЫНАН 61, 3 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БӨЛІНГЕН. БҰЛ ТУРАЛЫ ШАҺАР БАСШЫСЫНЫҢ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ӨТКЕН БРИФИНГІНДЕ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.

Бүгінде шаһардағы 21 смарт аялдаманы жаңарту үшін байқау өтіп жатыр. Яғни, заманауи аялдамаларға шексіз ғаламтор, смартфондарды зарядтау тетіктері, қоғамдық көліктердің бағыттары көрсетілген электронды тақтайшалар, бейнебақылау камераларын орнату, сонымен қатар шатыр және күн панельдерін жөндеу көзделген.

Сондай-ақ сәуір айынан бастап Шығыс шағын ауданында, Шахворостов, Гагарин, Алдабергенов, Біржан сал көшелерінде, Қадырғали Жалайыр даңғылында 10 аялдама кешенін салу жұмыстары басталды.

Құрылыс жұмыстары шілде айында аяқталады деп жоспарланған. Қалада 26 бағыт бойынша 7 қоғамдық көлік тасымалдаушы бар. Ұйымдарда барлығы 230 қоғамдық көлік болса, оның 190-ы күн сайын желіге шығады.

Биыл қалалық тасымалдаушылар ұйымы жалпы құны 2,3 миллиард теңгеге 55 автобус сатып алды. Шаһардың әлеуметтік маңызды бағыттарында жұмыс атқаратын тасымалдаушыларға 430 миллион теңге субсидия бөлінген.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

НЕГЕ?

ҚАНТ БАҒАСЫ 61%-ға ӨСТІ

Елімізде қанттың айналасындағы дүрбелең басылмай тұр. Дерек көзінше бір жылдың ішінде қант бағасы 61 пайызға өскен. Қант бағасының өсуі байқалғанымен билік өкілдері баға өспейді, нарық бағамы бақылауда деп сендіруге тырысты. Бірақ нарық бағамы өз дегенін жасап отыр. Әріптесіміз айтқандай-ақ, елде «тәтті дағдарысы» болып жатыр. Өзіміз күнделікті көріп, біліп жүретін жекелеген базар мен дүкен сөрелерінде қант жоққа тән. Ал ірі супермаркеттердегі шекер сату бағасы күн сайын құбылып тұр.

Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов елде қант тапшылығы бар екенін мәлімдегенін білесіздер. Ол мұның себебін Ресейден тоқтаған импортқа байланысты деп түсіндірді. Сондай-ақ күз басталғанша 350 мың тонна қант келеді деп елді даурықпауға шақырып, тапшылық алды жойылады деп сендіруде. Осы орайда оның командасы да елді даурығып, алыпсатарлардың қолшоқпары болмауға үндеді. Дегенмен «қант бітеді» деген шуды министрліктің құрғақ баяндамасы баса алмайтын сияқты. Өйткені өңірлердегі қантқа деген сұраныс күн сайын артып барады.

Алысқа бармай, Талдықорған мен қала маңында тұратын жұртшылық қант килосының 900 теңгеге жеткенін айтып шулап жүр Дәл тосап қайнату тұсындағы дағдарыс ішкі дағдарысты ұлғайтып жібермесіне кім кепіл?!

Ел ішінде өрбіген пікірлерге құлақ ассақ ішкі өндіріс, әсіресе қызылшадан қант шығаратын зауыттар жұмысы тоқтаса, яки өндіріс қуаты азайса оларды жаңғыртуға жұмсалған миллиардтаған теңге қаражаттың ақталмай қалу қаупі артады. Бұл дегеніңіз, нарыққа келген қант өз өніміміізге сұранысты жояды дегенге саятындай ма?!

...Өзге облыстарды айтпағанның өзінде екі бірдей ірі қант зауыты бар Жетісу облысында да аталған әлеуметтік өнімнің тапшылығы қатты байқалып тұр. Неге?

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

АҢДАТПА

НАЗНАЧЕНИЯ — 3 стр.

ПРЕДСТАВЛЕНЫ ДИРЕКТОРА ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІ — 4-5-бет

ОЙЖАЙЛАУ БАУЫРЫНДА, ЛЕПСІ АУЫЛЫНДА

ӘРІПТЕС — 9-бет

АЛМАНЫҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІ

СПОРТ ШОЛУШЫСЫ — 15-бет

ЖҮРЕГІ КЕҢ ЖУРНАЛИСТ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОТБАСЫЛЫҚ ҚОР

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА

ТАЛДЫҚОРҒАН МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА» АТТЫ ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҢА ҚОР АШЫЛДЫ. МЕКЕМЕДЕ «АНДАС» ӘУЛЕТІНІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ҚОРЫ АШЫЛЫП, ОЛ ЖЕРГЕ 60-ҚА ЖУЫҚ ІС, МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТЫ САҚТАУ ТАПСЫРЫЛДЫ. БІР ӘУЛЕТТІҢ БАЛАЛАРЫ АТА-БАБАЛАРЫНАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕРДІ МҰРАҒАТҚА ӨТКІЗІП, ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ДАМУЫНА ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСУДА.

Айтулы іс-шараға Жетісу облысының белді мүшелері, қоғам белсенділері, тарихшы, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен өнертанушылар қатысты. Жиналған қауым құттықтау сөзін айтып, өзара пікірталас жүргізді.

Алғашқы құттықтау сөз кезегі облыстық аналар кеңесінің төрайымы Жамал Қасымбековаға берілді.

– *Ең біріншіден бүгін үлкен қор ашқандарыңыз құтты болсын! Сөздің ең ұлысы тарих дейді ғой. Біз өткенімізді білмей, болашақты болжай алмаймыз. Сондықтан менің ойымша, «Андастың қоры» миллиардтан аса халқы бар Қытай мемлекетінің тарихын білуімізге үлкен көмек көрсетеді. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітабын оқып отырып, осы Қытай мемлекеті туралы көп нәрсені білгенмін. Олардың қандай халық екенін, әдет-ғұрпын дегендей. Ал сол жерде туып-өскен сіздердің қытай қазақтары жайлы бізге беретін жәдігерлеріңіз одан да көп деп ойлаймын. Бір адамның тарихы, бір адамның жазып кеткен қоры бізге тарихты білуге әсер етеді. Тағы бір қуанатыным, Алланың берген балаларын осы күнге дейін өсіріп, жеткізіп, адам қатарына қосып отырған анамызға үлкен алғыс! Қарап отырсаң, қазір баланың да ата-ананың алдындағы аманаты орындалып жатыр. Әкесінің мұрасын осыншама еңбек етіп, көз майын тауысып жазып, оны халыққа, бізге жеткізу – үлкен міндет. Әрбір қазақтың баласы ата-анасын осылай құрметтеп сыйлап, әкесінің тарыдай ғана нәрсесін таудай қылып көрсете білсе, ол біздің қазағымыз үшін, тарихымыз үшін құнды дүние болар еді,* – деді ол.

«Андас әулеті» халық шығармашылығын, қазақ фольклорын зерттеп, ата мұрасын ардақтап, ұлттық өнерді жалғастырып келетін әулет, көп балалы отбасы. Бүгінде 7 бала, 16 немере-жиен тәрбиелеп отыр.

Андастан тараған ұрпақтар ата-бабаларының бес ғасыр бойы тұтынған 700-ден астам жәдігерін сақтап, бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Оның бір бөлігі ҚХР Күнес аудандық мұражайында сақтаулы екен. Ал 100-ге жуық жәдігер «Атамекен» мәдени орталығының қорына тапсырылған. Сонымен қатар бұл әулет қазақ халқының рухани қазынасын байытуға мол үлес қосқан отбасы ретінде танымал.

Жалпы, бүгінде Андас отбасы мүшелері жазып, құрастырған 44 кітап қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Оның 10-ға жуығы еліміздің электронды кітаптар тізіміне енді. Сондай-ақ олар 1930 жылдан бергі латын, шағатай, қытай, төтеше жазумен жазылған 5 мың беттен артық қолжазбаны сақтап келеді. Биыл отбасы мүшелері ақын, тарихшы, зерттеуші Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш томдық еңбегін жарыққа шығарып, оқырман назарына ұсынып отыр.

Шара барысында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушылары да келіп, ашылып жатқан қорға байланысты өз пікірлерін білдірді.

– *Біз екі мыңжылдық, бес мыңжылдық тарихымыз бар дейміз және бір өкініштісі оны дәлелдейтін архив өте аз сақталған. Сондықтан ол қазіргі күнге дейін өзекті. Мәселен Қытайда әр отбасында өзіндік архив болады. Бізде де сол нәрсе қалыптасу керек. Шет мемлекеттерге барсаңыз, Лондонның архивы, Мәскеудің архиві, Жапонның, Токионың архиві деп оларды көріп, таңдай қағып қайтамыз. Ал ол несімен құнды дегенде, сондағы архив санымен және құжаттарымен бағалы. Мысалы сіз бір жапырақ қағазды алып құнды дүние жаздыңыз, кейіннен оны бумаждап лақтыра салсаңыз, қоқыс болады. Ал, егер бүктеп сақтай салсаңыз, сол жерде қарайып, жата береді. Кейіннен оны әкеліп архивке өткізсеңіз ол мемлекет меншігіне айналып, сақтаулы тұрады* – дейді журналист Қажет Андас.

Андас отбасының жетістіктері мен ел өркениетіне қосқан үлесі туралы республикалық және облыстық газет-журналдарда мақалалар үзбей жазылып, телеарналарда сюжеттер түсірілуде. «Жетісу» телеарнасының «Ұлт құндылығы» бағдарламасы мен Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының «Еліме қызмет етемін» атты жоба аясында Әуесхан Мажайқызы мен Қажет Андас туралы бірнеше хабар түсіріліп, көрсетілді. Олардың еңбектері де ел алдында үнемі еленіп келеді. Отағасы Андас Омарақын 2010 жылы ҚХР мемлекет дәрежелі сыйлығын алса, Андас отбасы 2009 жылы Қытайда «Ұрпақ тәрбиесіндегі мемлекеттік үлгілі отбасы» деген марапатқа ие болды. Бүгінде отбасы мүшелері облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі марапаттардың жеңіс тұғырынан түспей жүр. Осындай отбасы өнегесін әулеттің немере-жиендері жалғастыруда.

Арайлым БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ

МЕДИЦИНА

ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада «Инсультты емдеу. Cerebra» тақырыбында конференция өтті. Жиынға невропатологтар, нейрохирургтер, реаниматологтар, жедел жәрдем дәрігерлері және КТ, МРТ мамандары қатасып, арнайы бағдарламамен танысты.

«Cerebra» жобасы ишемиялық және геморрагиялық инсультті автоматты түрде анықтауға арналған нейрорадиология саласындағы жасанды интелект. Янғи бұл инсультті ерте кезеңде анықтап, 10 минутқа дейін инсульт белгілерін диагностикалауға және өлім мен мүгедектік қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Өлімге апаратын аурулардың ішінде бірінші орынды алатын бұл дертпен жылына аз дегенде 40 мыңға жуық адам ұшырайды екен. Бұл адам көзінің көру шектігінің салдарынан дейді мамандар. Цитоксикалық ісінуді және жоғарыда аталған ауруды дер кезінде анықтау мақсатында Almaty A.I. Lab компаниясы жасаған аталмыш жоба 2018 жылы ашылып өз жұмысын жалғастыруда. Қазіргі уақытта бағдарламаға 25-тен астам аурухана қосылған. Соның ішінде Отандық «Cerebra» MedTech стартапы өз бағдарламасын «Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада» іске қосты.

Бұл жасанды интелект дәрігерлерге науқастың деректерімен өзара алмасуы үшін кез келген жерден платформаға кіру мүмкіндігін де береді. Дәлірек айтқанда тапшы немесе біліктілігі жоғары дәрігерлермен онлайн форматты бейне қоңырау арқылы науқасты емдеп, дер кезінде өмірін құтқарып қалуға мүмкіндік береді. Дәрігерлер видео қоңырауға тек компьютер арқылы емес, ұялы телефонмен де қосылып, кез келген уақытта, ота жасау барысында байланысқа шыға алады.

Инсультпен күресуге көмектесетін инновациялық технологияларды қолдау мақсатында жұмыс жасайтын «NeuroDamu» қайырымдылық қоры Almaty A.I. Lab компаниясымен бірлесе «Cerebra» жобасын жүргізуде. 2021 жылдың 29 қазанында ашылған бұл қор аталмыш дертпен күресуге көмектесетін медицина студенттеріне, резиденттерге, аспиранттарға және зерттеушілерге қолдау көрсетеді.

«Cerebra» жобасын таныстырған «NeuroDamu» қайырымдылық қорының директоры Бексұлтан Маратұлының айтуынша, телемедицина жобасы бойынша ауруханаға жоғары байланыстағы камера, аудиоколонка, ноутбук, серверлік жабдықтар және өзге де техника ұсынылды.

– *Біз цифрлық медицинаны дамыту мақсатында көптеген шараға қатысып, жобамызды ұсынудамыз. Болашақта мемлекет аумағында жұмыс жүргізуді көздейміз. Яғни, инсульттан зардап шеккен науқастарды ертерек анықтау үшін өзіміздің жаңа техникамызбен, аппараттарымызды орнатып, білікті мамандардың бір-бірімен еркін байланысуына жол ашамыз. Сонымен қатар жоба аясында мамандарды оқытып, науқастарды операциясыз емдеу жолдарын үйретеміз. Қазіргі таңда жоба 13 аймақта, бізбен келісімге отырған ауруханалар арасында жұмыс жасайды. Шартқа отырған ауруханалар тек жобаға қосылып қана қоймай бір-бірімен байланысып, дәлігерлер емшара уақытында өзара онлайн форматта хабарласа алады,* – деген қор директоры тәжірибесі аз дәрігерлерге алыстағы білікті мамандардың көмегіне жүгінуге болатынын айтты.

Айта кетерлігі жаңа технология арқылы тек өзара байланысып қана қоймай, науқастың ауру тарихын да онлайн зерттеп, автоматты түрде талдау үлгілерін көре алады.

Аталмыш жоба Қазақстан аумағында жұмыс жасайтын болса елімізде жоғары санаттағы мамандардың тапшылығы байқалмас еді. Әсіресе ауыл аймақтағы тапшы мамандар осы жобаны қолданса, дертіне ем іздегендерге керемет көмек болатыны анық.

Айнұр БЕКМОЛДИНА

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

БІЛІКТІЛІКТЕРІН АРТТЫРДЫ

ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТІ ЗАМАН АҒЫМЫНА ҚАРАЙ КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРКЕНДЕУІ, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ АРТУЫ, ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ҚАРЫШТАП ДАМУЫ – ЕҢ АЛДЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЕҢБЕГІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ ЕЛДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ КАДРЛЫҚ МҮМКІНДІГІ АСА МАҢЫЗДЫ ЕКЕНДІГІН КӨРСЕТІП ОТЫР.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесінде оқытудың инфраструктурасы қалыптастырылған, оның құрамына Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы, өңірлік қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталықтары және тағы басқа білім беру мекемелері енеді. Жыл сайын орта есеппен қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік қызметшілердің үштен бірі оқытылады, нәтижесінде үш жыл сайын мемлекеттік қызметшілер жүз пайыз оқыту курстарымен қамтамасыз етіледі.

Осыған орай 2022 жылдың сәуір айында Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот қызметкерлері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалында біліктіліктерін арттыру курсын бітіріп шықты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлының сөзінде «Мемлекеттік құрылыстың заманауи үлгісі қазірдің өзінде элитарлық, өзгешелік тұжырымдардан алыс. Әр шенеунік өзін халықтың бір бөлшегі ретінде сезініп, халық үшін және халық арасында жұмыс істеуі тиіс екенін ұмытпауы қажет. Халық үніне құлақ асатын мемлекет дегеніміз бюрократиядан мүлде ада болып, цифрландыру негізінде жүзеге асырылатын барлық рәсімнің ашықтығы» деген сөздері әрбір мемлекеттік қызметші үшін басты қағидаға айналуы тиіс деп білемін.

Мақсат ӘЛМАХУНОВ,
Алматы облысы мамандандарылған ауданарлық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ 10 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ.

МЕДИА-МАРАФОН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Осындай жоба аясында Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні қарсаңында медиамарафон ұйымдастырылды. Жас еріктілердің жұмысын Жетісу өңірінің БАҚ өкілдері тамашалады.

Медиа-марафон үйсіз қалған жануарларға арналған үйшік салу шеберлік сағатынан басталды. Одан әрі бағыт «Айналайын» балалар үйінің жазғы лагеріне және облыстық мамандандырылған «Балалар үйіне» сапарымен жалғасты.

Оқытушы-куратор-ұйымдастырушы Жанар Оразбаеваның айтуынша, әлеуметтік жобалар мектептің маңызды бағыттың бірі. – *Оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымы бар, олар өз аймағының өмірі мен мәселелерін біледі. Отансүйгіштік, жалпыадамзаттық құндылықтарға деген адалдық әр сабақта бойларына сіңіріліп, жалпы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырады*, – дейді ол.

Медиа-марафон жалғасы дөңгелек үстелге ұласты. Онда ынтымақтастық перспективалар талқыланды. Өз кезегінде мектеп директоры Виктор Сосин республикалық және облыстық БАҚ журналистеріне белсенді және жемісті жұмыстары үшін алғысын білдірді.

– *Барша БАҚ өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында біз еліміздегі ең өзекті де маңызды оқиғалардан хабардар болып, қуанышты да, қайғылы да оқиғаларды бастан кешіріп жатырмыз. Бүгін мектебіміздің маңызды бағыттарының бірі қоғамдық қызмет ету жобаларымен таныса алғандарыңызға қуаныштымын. Өйткені, қызмет ету – күнделікті орындайтын айрықша миссия*, – деді мектеп директоры Виктор Сосин.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

Появится новый национальный праздник

Как передает Sputnik, Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев предложил вернуть Дню республики статус национального праздника.

«Предлагаю вернуть Дню республики статус национального праздника. Поэтому каждый год 25 октября мы должны отмечать как главный праздник нашей страны», — сказал глава государства на Национальном курултае.

Токаев подчеркнул, что День республики должен стать символом исторического шага страны к государственности.

«Разумеется, первоначальный смысл Дня независимости будет сохранен. Этот день остается национальным праздником. Однако его следует отмечать как день памяти наших национальных героев, внесших значительный вклад в независимость», — уточнил президент.

Отметим, что 25 октября 1990 года была принята Декларация независимости Казахстана. Ранее Казахстан отмечал День республики как национальный праздник, однако в 2009 году в закон «О праздниках» внесли поправки и его отменили.

К.К. Токаев отказался от орденов

Касым-Жомарт Токаев принял решение до завершения его президентских полномочий не принимать ни отечественные, ни зарубежные награды. Информация об этом появилась в Telegram-каналах. Данные сообщения корреспонденту Tengrinews.kz подтвердили в пресс-службе Акорды.

Так, по данным Ербола Едилова, российская сторона предложила наградить Касым-Жомарта Токаева орденом Александра Невского.

«Глава государства поблагодарил за оказанную честь. Однако, им было принято решение до завершения его президентских полномочий не принимать ни отечественные, ни зарубежные награды. По этой же причине во время недавнего визита в Бишкек Президент отказался от высшего кыргызского ордена «Манас», первой степени», - написал он.

Пресс-секретарь Касым-Жомарта Токаева Руслан Желдибай в ответ на запрос Tengrinews.kz подтвердил данную информацию.

Напомним, Президент посетил Петербургский международный экономический форум. В ходе сессии с Владимиром Путиным Касым-Жомарт Токаев отметил, что Казахстан не планирует признавать так называемые ЛНР и ДНР и высказал свои претензии к некорректным высказываниям ряда российских депутатов.

Нет причин для беспокойства

Глава Казахстана на Национальном курултае высказался о статусе казахского языка – он заявил, что причин для беспокойства по этому поводу нет, сообщает официальный сайт Акорды.

Касым-Жомарт Токаев заявил, что позиции государственного языка укрепляются день ото дня.

«Кроме того, казахский язык проникает в мировую коммуникационную среду. Недавно известная компания Apple добавила казахский язык в языковую систему iOS.

Телеканал Nickelodeon, транслирующий на 40 языках, начал вещание на казахском языке. По инициативе молодежи уже 6 лет издается журнал National Geographic на нашем родном языке.

Таких хороших новостей немало, поэтому, я думаю, нет причин для особого беспокойства. Тем не менее, мы должны быть настойчивыми в нашей работе в этом направлении. Пока существует казахское государство, будет и казахский язык», - заявил Токаев.

Также напомним, что президент Казахстана на первом заседании Национального курултая предложил не торопиться с внедрением латиницы.

НАЗНАЧЕНИЯ

ПРЕДСТАВЛЕНЫ ДИРЕКТОРА ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВ

Как сообщила пресс-служба региональной палаты предпринимателей, избраны директора палат предпринимателей Жетысуской и Алматинской областей.

Сегодня Региональным советом Алматинской области согласованы и утверждены кандидатуры директоров представительств Жетысуской и Алматинской областей.

По принципу меритократии директором представительства области Жетысу назначен экс-директор РПП Алматинской области Даурен Оналбаев, главой представительства Алматинской области назначен заместитель директора департамента Агропромышленного комплекса НПП Куандык Чункунов.

Кандидатуры были рассмотрены и единогласно поддержаны в ходе встречи председателя Президиума НПП РК «Атамекен» Раимбека Баталова с членами Регионального совета Алматинской области в городе Талдыкорган.

«Оба кандидата очень опытные, достойные занять ответственную должность. С результатами работы Даурена Оналбаева мы знакомы, возглавлял региональную палату. Радует, что Куандык Чункунов имеет огромный опыт в сфере сельского хозяйства, представлены хорошие рекомендации от председателя Президиума. Ведь в вновь образованной Алматинской области необходимо развивать и агропромышленный комплекс для обеспечения продовольственного пояса вокруг Алматы», – отметил член Регионального совета Бахыт Атайбеков, пожелав успехов в предстоящей работе.

Напомним, 8 июня 2022 вступил в силу Указ Президента РК «О некоторых вопросах административно-территориального устройства Республики Казахстан», в результате которого в образовавшихся регионах создаются палаты предпринимателей. Поскольку создание новых региональных палат является исключительной компетенцией Съезда, до его проведения в городе Конаеве будут действовать представительство НПП.

«Мы провели обсуждение с юристами и с министерством юстиции. Чтобы не прерывать деятельность палат предпринимателей, было принято решение о переименовании региональной палаты Алматинской области в область Жетысу и создания представительства НПП в городе Конаеве Алматинской области. Сегодня на встрече с акимами областей мы хотим все эти вопросы обозначить», – сказал первый заместитель председателя Правления НПП РК «Атамекен» Максат Кикимов.

Раимбек Баталов представил руководителя РПП области Жетысу Даурена Оналбаева акиму области Бейбиту Исабаеву. В ходе встречи с акимом Алматинской области Маратом Султангазиевым был представлен руководитель представительства НПП Куандык Чункунов.

Ш. БАТОВ.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ОТКРЫЛСЯ ПЕРВЫЙ ШВЕЙНЫЙ ЦЕХ

В понедельник в городе Текели области Жетысу при поддержке Центра развития женского предпринимательства (ЦРЖП) открылся швейны цех, сообщила пресс-служба региональной палаты предпринимателей. Это один из трех швейных цехов, который будет запущен в регионе.

В церемонии открытия предприятия принял участие аким города Текели Батыр Молдахметов, директор филиала Палаты предпринимателей города Текели Турысбек Жумадилов и члены Совета деловых женщин области Жетысу.

Основатель цеха директор ТОО «Алтын ине», многодетная мама – Кымбат Касейн. В марте 2022 года Кымбат обратилась в ЦРЖП Алматинской области, где ей оказали консультацию и содействие в продвижении бизнеса. Теперь в партнерстве с ЦРЖП и Советом деловых женщин бизнесвуман открыла первый швейный цех.

«Сейчас в цехе работают 10 опытных женщин, многие из которые многодетные мамы. Еще пять женщин будут работать на дому. У нас уже имеются первые заказы. Будем шить спецодежду для предприятий, национальные изделия и другую текстильную продукцию. Также планируем работать в формате ателье и шить одежду для взрослых и детей», – рассказала Кымбат.

По словам ментора ЦРЖП Светланы Онгарбаевой, аналогичные швейные

цеха будут открыты в Аксуском и Коксуском районах, где будут работать многодетные мамы, женщины с инвалидностью и молодые девушки. Через ЦРЖП и учебные центры планируется провести обучение швейному делу и подготовить квалифицированных кадров.

Напомним, что с ноября прошлого года во всех регионах РК стартовало открытие Центров развития женского предпринимательства, в рамках «Фонда Солидарности», при партнерстве Министерства национальной экономики, Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК и НПП «Атамекен». Инициатива финансируется за счет средств Азиатского Банка Развития и Программой развития ООН в Казахстане и реализуется НПП РК «Атамекен». Деятельность Центров базируется на принципах Советов деловых женщин «Атамекен» (действующих с 2015 года), главный из которых – взаимная поддержка женщин в ведении и развитии бизнеса.

Ш. ХАМИТОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІ

ОЙЖАЙЛАУ БАУЫРЫНДА,

Жетісу облысының негізгі көзі – аграрлық сала. Түгін тартсаң, майы шығатын өлкенің қара топырағында түрлі жемістен бастап, төрт-түліктің бәрі өсіріледі. «Жерінде жеті күнде жеміс піскен» деп ақын Темірғали Рүстембеков жырлағандай, нарықтық жүйеге орай туризмге сұранып тұрған табиғатты көрген жанның көз жауын алады. Жоңғар қақпасы атанған Алакөл аймағында, Лепсі ауылында, Ойжайлау бауырында атақты меценат, кәсіпкер Бауыржан Оспановтың ұйытқы болуымен ауылшаруашылық көрмесі өтті.

Жасыл кілем, көкмайса алқапта тігілген аңшаңқан үйлердің алды ығы-жығы халық. Думандатқан әнші-жыршының бәрі осында. «Білектері бесіктей, кеуделері есіктей» таусоғар палуандар, сәйгүліктерін таңасырып, бәйгеге дайындап тұрған атбегілер, жүйріктерін тұмшалап, тіл мен көзден аулақ ұстап, көк шалғынға қос тізіп жатып алғандары қаншама. «Ойжайлау десе, Ойжайлау екен, осындай жердің жәннәтін көрмеген Құнанбай, шын соқыр екенсің ғой» деген Абайдың әкесі Құнанбай жайлы «гу-гу» әпсәнә аңыз әңгіме де ел арасында желдей есіп тұр.

Саф ауа, салқын самал, тау бөктеріндегі қысы-жазы жасыл желек болып тұратын қыз-қарағайлар мен ару қайыңдар Ойжайлаудың көркіне көрік қосқандай.

«Ойжайлау, шөбің шүйгін, суың дәрі,
Болады халқыменен ақын сәні.
Ойжайлау!
Берейін әнге шырқап ортаңызда,
Жиналған елім-жұртым, жас пен кәрі.
Ойжайлау!
Ақ шәйнек, сары самаурын тұрса қайнап,
Отырса қыз-бозбала күліп-ойнап,
Киінген қызғалдақтай қыз-келіншек,
Сапырса сары қымыз, құлан ойнақ.
Қуарған қара ағаштай қақиғанша,
Жас шақты өткізелік гүлдей жайнап.
Ойжайлау-ай» деп, Кенен Әзірбаев жырлаған Ойжайлауда ұлан-асыр той болды.

Әлемді жаулаған індеттің әлегінен араға екі жыл салып қайта жанданған ауыл еңбеккерлеріне арналған бұл тойға алты Алаштан емес, алты құрлықтан меймандар келді. 17-ші маусым күні Алакөл ауданы, Үшарал қаласындағы Зейнеп Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйінде бастау алған конференция «LEPSI-2022» халықаралық етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуға арналды. Оған Ауыл шаруашылығы экс-министрі, «Сыбаға» бағдарламасының авторы, «Қазақстан ет одағы» басқарма мүшесі – Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы, Румыния, Чехия, АҚШ, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген делегация мен Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев қатысты. Айтулы бас қосуды аудан әкімі Алмас Абдинов құттықтау сөзімен ашты.

Конференцияда асыл тұқымды өсірушілер, тауарлы фермалар, мал бордақылау алаңдары, ет комбинаттары, генетикамен айналысатын компаниялар, сондай-ақ, ветеринариялық қызметтер, технологиялар секілді басты тақырыптар маңызға алынып, талқыға түсті. Сондай-ақ Қазақстандағы бесінші ірі мал көрмесі, «Лепсі – 2022» көрмесінің мақсаты: қатысушылар арасында өзара әрекеттесу үшін ортақ платформа құру және сиыр еті мен мал шаруашылығын дамытуды ынталандыру, асыл тұқымды мал өндірушілердің жетістігін бағалау және үздік шаруашылықтарды анықтау болды.

Конференцияның форматы бойынша әрбір спикер 10 минут презентациямен шықты. «Арқарлы Майбүйрек» ангус және герефорд тұқымды шаруашылығын аралады. Конференцияның екінші кезеңі «Лепсі – 2022» көрмесіне ұласты. Ауыл шаруашылығына оның ішінде мал шаруашылығына қатысты көтерілген өзекті мәселе өнім өндіру және қайта өңдеу бойынша баяндамашылар кезең-кезеңімен сөз алды.

Қайрат Мұтаев Қазақстандағы мал шаруашылығының көрсеткіштері жайлы баяндама жасады. Қазақстан Республикасындағы АҚШ елшілігінің ауыл шаруашылығы бойынша атташе өкілі спикер Кристофер Билеки бейнефильм көрсетілімімен таныстырды. Румыния елшілігі ұсынған бейнероликпен Румыния делегациясының сөзі баяндалды. Оған спикер болып, Марчелли Олтеану-Румыниялық ангус тұқымы қауымдастығының төрағасы, Госиман Йоан, Румынияның Ангус тұқымы қауымдастығының директоры, ангус тұқымын дамыту және етті мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау бағытын баяндады. Чехия елшілігінен келген баяндамашы, Камиль Малат. Чехия-дағы етті мал шаруашылығы туралы баяндаса, көрші Ресей елшілігінен келген Ұлттық сиыр етін өндірушілер одағының бас директоры Роман Костюк тірі өнеркәсіпті дамытудағы экспорттың маңызына тоқталды.

Сонан кейін Қазақстан спикерлері, «Kusto Group» компаниясының өкілдері Ерубаев Бейбіт Қыкбайұлы, Мақаш Дарын Дәулетбекұлы Алматы облысында ірі ет комбинаты мен суару қондырғыларын шығаратын зауыт құрылысы жайлы ойларын ортаға салды. «IPK ZHERSU» ЖШС Қадағалау кеңесі төрағасы Оспанов Бауыржан Кеңесбекұлы қорытынды сөз сөйлеп, конференцияны түйіндеді. Конференцияда қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде құлаққап арқылы ілеспе аудармa жасалды.

Жалпы, Алакөл ауданында мал шаруашылығына жіті көңіл бөлініп, мал тұқымын асылдандыруда игі істер атқарылып келеді. *«Аудан экономикасының негізін құрайтын ауыл шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлемі биыл 7,4 млрд. теңгені құраған. Заттай индекс көлемі 103,6 пайызға жеткен. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен ауданда 1340 шаруа қожалықтары, 25 серіктестік, 3 кооператив шұғылдануда»,* – дейді аудан әкімі Алмас Сапарғалиұлы. Ауыл еңбеккерлерінің негізгі тіршілік көзі мал және егін шаруашылығы болғандықтан екеуін бөле жарып қарауға болмайды. Мал шаруашылығымен қоса, көктемгі дала жұмыстарын өткізу ойдағыдай жүзеге асты. Ауданның жалпы егістік көлемі 85 мың 036 гектарға игерілді.

– Сонымен қатар ауданымызда ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Атап айтсақ, 2022 жылдың басынан бері барлығы 22 дана техника шаруашылық құрылымдары өз қаражаттарына және лизинг арқылы жалпы құны 276,7 млн. теңгеге сатып алынды.

Аудан бойынша барлық жекеменшік түрлерінде мал басы тұрақты өсуде. Ірі қара – 94 613, қой, ешкі – 300 849, жылқы – 36 707, түйе – 166 басқа жетті. Асыл тұқымды малдың үлесі аймақтағы аграрлық өңірлердің ішінде алдыңғы орындарда. Жылдан-жылға асыл тұқымды малдың үлесі де артып келеді. Ірі қара – 26,5% (19100 бас), қой – 38,7% (64300 бас), жылқы – 23,9% (5240 бас) құрады. 6 шаруашылықта жалпы қуаттылығы 6300 бас малға арналған мал бордақылау алаңы және 10000 бас ұсақ мал бордақылану алаңы жұмыс жасауда.

Ауданда ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік бағдарламалар ерекше қарқынмен іске асуда. Биылғы жылы «Кең дала» және «Агробизнес» бағдарламасы бойынша 31 шаруа қожалығына жалпы көлемі 273 млн. теңгеге қаражат берілді. Шаруашылық құрылымдарында қой төлдету науқаны қолайлы өтіп, қорытындысы бойынша 120 968 саулықтан 126 000, 435 бас қозы, яғни, әр жүз саулықтан 105 қозы алынды.

Ағымдағы жылы ауыл шаруашылық өндіріс көлемін ұлғайтып, жалпы өнім көлемін 2022 жылы 56 млрд. теңгеге жеткізіп, 2 млрд. 500 млн теңгенің инвестициясын тартуды жоспарлап отырмыз, – деген аудан әкімі Алмас Абдинов мал шаруашылығына қатысты ауданда өткен ғылыми конференцияның шаруаларға берер тәлімі мол екенін айтты. Тәжірибе бар жерде өсіп-өркендеу болады. Нарықтық жүйе – бәсекелестіктің дәуірі. Мұнда озық технология мен ғылыми үндестік сабақтасады. Осы конференцияға ірі меценат Бауыржан Оспановтың ұйытқы болуымен шет елден келген өкілдер қазақ еліндегі, оның үстіне Алакөл аймағындағы асыл тұқымды малдардың жайылымдары және бордақылау алаңдарымен, өнім өндірудегі көрсеткіштерімен танысты. Әрі бізде олармен тәжірибе алмасатын боламыз деді.

Конференцияның екінші күні Лепсі өңірі, Ойжайлау бауырында мал шаруашылығының көрмесінен бастау алды. Оған Жетісу өңірінің су жаңа әкімі Бейбіт Исабаев қатысты. Бұдан кейін өңір басшысы көрмені аралап, жұмыс сапарымен өңірдегі туристік әлеуеті зор аймақ – Алакөлді аралады. Жазғы маусымда көлге шомылуға миллионнан астам адам

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІ

ЛЕПСІ АУЫЛЫНДА

келетіні ескерілгендіктен, өңірдің туристік тартымдылығын одан әрі арттыру үшін көл жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту басты міндет болып тұр. Алакөл мен Балқашқа апаратын жолдарды жөндеу де басымдықтардың бірі екені айтпаса да түсінікті. Аймақтағы туристік өзге де жұмыстардың барысымен танысқан өңір басшысы Бейбіт Исабаев, Алакөл көлі жағалауын дамытудың бас жоспарына сәйкес сумен және электрмен қамту, кәріз жүйесін жүргізу қолға алынғанын, биыл жағалауда 3 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып, ірі демалыс орындары іске қосылғанын, олардың жалпы саны 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылып, жобаларға 3 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылғанына көз жеткізді. Ал, өткен жылы жағалауда 1 млн. 400 мың адам демалып, 8,5 млрд. теңгеге қызмет көрсетілген. Жағалаудағы қоршау жұмыстарына байланысты Ақши мен Көктұма ауылдарында жалпы ұзындығы 13,4 км жағалау қоршалуға тиіс. Әзірге қоршалған жер 770 метр. Жобаның құны 6 млрд. теңге болып, ол кезең-кезеңімен бөлінеді. Әйтсе де, мердігер компанияның атқарған жұмыстарына көңілі толмаған жергілікті мамандар жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауы қиынға соғады. Келісім шарт міндеттемелерін орындамаған «Спецстрой» компаниясының үстінен талап арыз қаралуда. Жуық арада 210 туристік нысанның орталық кәріз жүйесіне қосылуға мүмкіндігі бар. Жоба бойынша 69,1 км кәріз жүйесі тартылып, 8 сорғы стансысының 3-еуі орнатылған, ал қалған 5-еуі орнатылуы тиіс. Жоспар бойынша қарашада құрылыс жұмыстары аяқталады. Бүгінгі таңда қысымын тексеру, іске қосу жұмыстары жүргізуде. Дегенмен жобаның II кезегін іске қосу сәл кешеуілдеуде. Мәселен тәулігіне 6,5 мың текше метрлік кәріз тазарту құрылғысын салу, демалыс нысандарынан шыққан пайдаланылған су ағынын тазарту мәселесі шешілуі тиіс.

Инфрақұрылымдардың мәселесін жүргізіп жатқан мердігер компаниялардың өкілдерімен тілдескен Бейбіт Исабаев бюджет қаржысын оңды-солды жұмсауға жол берілмейтінін қадап айтты. Құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты жобаның алғашқы нұсқасына түзетулер енгізу керектігін алға тартқан «Көлсай Строй» ЖШС мердігер компаниясына ұсыныстар тиісті құжаттармен дәлелденіп, негізделуі керектігін ескертті.

– Осындай ірі жобалардың конкурсына қатысар алдында кез келген компания өз мүмкіндіктерін шынайы бағамдауы керек. Жұмыс көлемі, кадрлар саны мен біліктілігі, техниканың мүмкіндіктері – бәрін де салмақтау керек. Барлық тәуекелдерді, соның ішінде баға өсімін де зерделеуге тиіс. Соның бәрін конкурсқа дейін түсініп, шешіп алу керек еді. Жобада жоспарланған 10 млрд. теңгенің алғашқы траншын келісім шарт бойынша алдыңыздар. Бұл бюджеттің қаржысы, халықтың ақшасы. Жұмыстың сегіз айдай тұрып қалғанын, тиісті жұмыс көлемі орындалмағанын халыққа қалай түсіндіреміз? Жобаға түзету енгізу туралы өтініштеріңіз негізді ме, жоқ па, алдымен қараймыз. Нақтыланса қолдау көрсетуге әзірміз. Басқаша болған жағдайда қатаң шаралар қабылдайтын боламыз, – деді Б. Исабаев.

Мамандардың айтуынша, Ақши ауылын сумен қамту мәселесі шешілген. Өткен жылы желтоқсандағы жағалаудағы су жүйесі іске қосылған. Қазір Тоқжайлау, Қоңыр, Бибақан, Кеңес ауылдарына су тартудың қажетті құжаттары әзірленуде. Теректі, Лепсі, Көктұма, Бұлақты ауылдарындағы су жүйесі қайта жаңғыртылады.

Ақши ауылына электр желісін тартуға жергілікті бюджеттен 300 млн. теңге бөлінген. Жалпы 67,4 км желі жүргізіліп, қайта жаңғыртылды. Мамандар мұндағы электр тұтыну қажеттілігі 10 МВт болса, бұл шара оны әлі де толық көлемде жабуға жеткіліксіз екенін айтады. Сондықтан тағы 1 жобаға құжат әзірлеуге қаржы бөлінуде. Яғни, Бескөлден Ақшиге дейін және Ақши – Көктұма – Ақтоғай бағытында екінші линияны тарту керек. Осы желілердің әрқайсысы үшін қолданыстағы қосалқы стансаларды қайта жаңғырту қажет. Ал қыста жинақталатын артық электр қуатының тапшылығы бар Достық бекетіне бағыттау межеленуде.

Сапар барысында облыс әкіміне «ҚазАвтоЖол» мекемесінің өкілі Талдықорған – Өскемен автожолының жай-күйі, құрылыс жұмыстарының қазіргі ахуалы жайлы баяндады. Оның айтуынша, бірінші қабат асфальт төсемі биылғы жылы төселіп бітуге тиіс, басты көпірлердің құрылысы да аяқталуға жақын. Төменгі бірінші төсем жасалған соң көлік қозғалысын жүргізуге болады. Ал асфальттың негізгі қабаты келесі жылы төселеді. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев құрылысқа тиісті техникалардың көптеп тартылуын, жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуді тапсырды. Сол сияқты уақытша жасалған айналма жол учаскелеріне су себу, ретке келтіру жұмыстарының ойдағыдай еместігін сынға алып, тиісті мекемеге ескерту жасады.

Үшарал әуежайында ұшып-қону жолағы кеңейтіліп, қайта жаңғыртылуда. Осыған байланысты облыс әкімі аталған нысанға да ат басын бұрды. Жұмыстар аяқталғанда Үшаралға үлкен ұшақтар да еш кедергісіз қатынамақ. «Жетісу» әуе компаниясының Президенті Қалтай Дөңсебаевтың айтуынша, ұшақ қонатын жол толықтай жаңартылып болып қалды. Құрылыс компаниясы жұмыстарын алдағы шілде айының ортасында толықтай бітіреді деп жоспарлануда. Сонда күніне 8 рейс қатынап, 500-дей жолаушы қабылданатын болады деді.

Балқаш көліне апаратын жолдың құрылысы да назардан тыс қалмай, Алматы – *Өскемен – Лепсі – Ақтоғай және Лепсі – Балқаш көлі бағытындағы жолдар қаралды. Балқашқа дейінгі жол қазір 3-санаттан 2-ші санатқа ауыстырылып, толық жаңғыртудан өткізілуде. 35 шақырымында жұмыстар аяқталған. Жол бойында бірнеше жерде аялдама кешені, эстакада, заманға сай әжетхана қойылады. Аталған жол құрылысы жобасы кезең-кезеңімен қаржы бөлінуіне қарай жалғасатын болады. Жол сапасына оң баға берген облыс әкімі Бейбіт Исабаев: – Бүгін Алакөлдегі демалыс аймақтарына инфрақұрылым тарту, жол жөндеу жұмыстарымен таныстым. Жолдар жөнделіп біткеннен кейін Балқаш пен Алакөлге келетін туристердің қатары өсетін болады. Үшарал әуежайы іске қосылса, қатынайтын ұшақтар қатары көбейеді. Бұл халықтың тұрмыс жағдайына, өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына оң әсер етеді,* – деді Б. Исабаев.

* * *

18 маусым күні «Лепсі-2022» етті мал шаруашылығының халықаралық көрме-конференциясы Лепсі ауылында Ұлттық ат спорты ойындары мен палуандар күресіне ұласты. Айтулы додада Жетісу облысының әкімі Б. Исабаев шараны ашып, Алакөл ауданының ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан ауданның ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлерін Құрмет грамотасымен марапаттады. Бұдан кейін, Алакөл ауданының Құрметті азаматы Жайыл Абдрахманов жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, ақ батасын берді. Бәйге басталғанда Қазақ күресі де басталды. Боз кілемде алысып-жұлысып, айла-тәсілдерін қолданып баққан балуандар арасында III орын – Саят Шамшиев (Ақбас РП) (300 000 теңге), II орын – Ақтөбе облысынан Еламан Ерғалиев (400 000 теңге), жүлделі I орынды – түйе палуан Қызылорда облысынан Мақсат Исағабылов (автокөлік) жеңіп алды. Тойдың басты көркі болған палуандар күресі мен ат бәйгесіне көз тіккен қараша қауым бұл күні топ бәйге, жорға жарысы аламан бәйгені тамашалады.

Сонымен сарыла күткен бәйге жарысы да мәреге жетті. Аты озғандары бөріктерін аспанға атып қуанып жатты. Ащы тері толық алынбаған, бабы жетіспей қалған топ бәйге, жорға, аламан жүйріктері шаң қапты.

Топ бәйге бойынша: III орын – Қарасай ауданы, Тұрар ауылынан Бөбекбай Секенай (300 000 теңге), II орын – Қарасай ауданы, Тұрар ауылынан Қайрат Шанышқұлов (500 000 теңге), I орын – Қаратал ауданы, Үштөбе қаласынан Дәурен Алимжанов (1000 000 теңге);

Жорға жарысы бойынша: III орын – Алакөл ауданы, Қабанбай ауылынан «Алакөл – асыл жылқысы» ЖШС (200 000 теңге), II орын – Шығыс Қазақстан облысынан Нұрлан Қасымханов сәйгүлігі (300 000 теңге), I орын – Шығыс Қазақстан облысынан Нұрлан Қасымханов сәйгүлігі (1000 000 теңге);

Аламан бәйге бойынша: V орын – Кербұлақ ауданы – «Анар» атты сәйгүлік иесі – Олжас Құсайын (100 000 теңге), IV орын – Қордай ауданынан «Әсемжирен» атты сәйгүлік иесі – Ардақ Иманқұлов (200 000 теңге), III орын – Абай ауданы, Үржар ауылынан «Аманат» атты сәйгүлік – Ержан Керейбаев (300 000 теңге), II орын – Шиен ауданынан «Секрет» атты сәйгүлік иесі – Қайрат Амантаев (500 000 теңге), I орын – Жамбыл ауданы, Көкбастау ауылынан «Самұрық» атты сәйгүлік иесі – Тастан Абдыбай (автокөлік) жеңіп алды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге автокөлік және қомақты қаржылай сыйлықтар табысталды. Іссапар түстен кейін асыл тұқымдылардың аукционымен жалғасты. Көрме қорытындысы бойынша «Мамбетов и К» СС-нен «Барон» лақап атты бұқа «Асыл тұқымды-2022» және ангустың барлық бағаттары бойынша абсолютті жеңімпаз атанып, компанияға автокөлік тарту етілді. Көрмеде Алматы облыстық «Сүйінбай» атындағы филармонияның өнерпаздары өнер көрсетті.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 27 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.10, 21.30 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Апта»
16.10 «Bizben birge»
20.35 «Ashyq alan»
22.20 «Жат мекен»
23.15 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00 «Соседи-3»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Отель. Мумбаи: Противостояние»
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «31 Бөлімше»
13.00 «Новости»
13.10 Т/х «Рауза. Сакураның гүлдеуі»
15.00 «Бүгін»
16.00 Сериал «Соседи-4»
18.00 Мегахит «3 дня на убийство»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Келінжан»
22.30 Т/х «Көкжал»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «Қағаз keme»
15.00 Худ/ф «Осторожно, корова!!!»
15.45 Х/ф «Өкініш»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Есіктер»
20.00, 03.40 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.00 Ой мен Ойын
02.45 «SarapTimes»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша City»
06.45, 04.35 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Сериал «Сезон любви»
14.00, 02.05 «НОВОСТИ»
14.15, 02.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Последняя статья журналиста»
00.15 Сериал «Заключение»
01.15 «В клетке»
02.35 «Паутина»

КТК

07.05 «Ктк қоржынынан»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.15 Т/х «Мұңды ызғар»
09.30 Т/х «Қиын шақ»
10.30 «Юморина»
12.30 «Было дело»
13.50 «АҒА»
15.30 «Меч»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Большое небо»
23.40 «На глубине»
01.20 «Тайны и ложь»
02.10 «Мұңды ызғар»
03.10 Кешкі жаңалықтар
03.30-04.20 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (каз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
12.55 роликтер
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Елге қызмет»
20.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30, 02.40 «31 әзіл»
08.30, 02.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.10, 12.20 Сериал «Кухня»
13.30 Кино «Побег из аула»
15.40 Худ/ф «Охотник за головами»
18.10 Худ/ф «Красотки в бегах»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Худ/ф «Заложник»
00.20 Худ/ф «Женщина, идущая впереди»
03.40 Сериал «Жүрек жыры»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 03.00 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 «Серт пен Сезім»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
10.50, 19.30 Сериал «Случайный кадр»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Зың-зың Күлпәш»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 «Гадалка»
16.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 «Q-Елі»
02.30 «ИП Пирогова»
03.30 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 28 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.10, 21.30 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Деректі фильм
15.40 «Ауылдастар»
16.10 «Bizben birge»
20.35 «Ashyq alan»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.15 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 16.00 «Соседи-4»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «3 дня на убийство»
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «31 Бөлімше»
13.00 «Новости»
13.10, 22.30 Т/х «Көкжал»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит «Тихое место»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Келінжан»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Ду-думан» шоу
16.50 Т/х «Өрмек»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Есіктер»
20.00, 03.40 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
02.00 «Ой мен Ойын»
02.45 «Айтарым бар»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Тамаша City»
06.45, 04.25 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10, 00.15 Сериал «Заключение»
13.15 Сериал «Крепость»
14.10, 02.05 «НОВОСТИ»
14.20, 02.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.10 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Последняя статья журналиста»
00.15 Сериал «Заключение»
01.15 «В клетке»
02.25 «Паутина»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.15 Т/х «Мұңды ызғар»
09.30 Т/х «Қиын шақ»
10.30 «Было дело»
11.30 «На глубине»
13.20 «Большое небо»
15.30 «Меч»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Большое небо»
23.40 «На глубине»
01.20 «Тайны и ложь»
02.10 «Мұңды ызғар»
03.10 Кешкі жаңалықтар
03.40-04.20 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Қазақ үні»
11.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 01.50 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
10.50, 11.30 Сериал «Кухня»
12.30 «Spirit of Batyr»
13.00 М/ф «Побег из джунглей»
15.10 Худ/ф «Заложник»
17.40 Худ/ф «Пассажиры»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Худ/ф «Тараз»
00.00 Худ/ф «Сезон чудес»
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 Сериал «Жүрек жыры»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 03.00 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 «Серт пен Сезім»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
10.50, 19.30 Сериал «Случайный кадр»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Зың-зың Күлпәш»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 «Гадалка»
16.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 «Q-Елі»
02.30 «ИП Пирогова»
03.30 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 29 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.10, 21.30 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «ТҰЛҒА»
15.55 «Ауылдастар»
16.10 «Bizben birge»
20.35 «Ashyq alan»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.15 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Соседи-4»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Тихое место»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «31 Бөлімше»
13.00 Новости
13.10, 23.30 Т/х «Көкжал»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Соседи-5»
18.00 Мегахит «Убить Билла-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Келінжан»
22.30 «Не хабар?»
00.15 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Ду-думан» шоу
16.50 Т/х «Өрмек»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Есіктер»
20.00, 03.40 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.00 «Ой мен Ойын»
02.45 «Айтарым бар»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Тамаша City»
06.45, 04.25 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10, 00.15 Сериал «Заключение»
13.15 Сериал «Крепость»
14.10, 02.05 «НОВОСТИ»
14.20, 02.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.10 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Последняя статья журналиста»
01.15 «В клетке»
02.25 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.15 Т/х «Мұңды ызғар»
09.30 Т/х «Қиын шақ»
10.30 «Было дело»
11.30 «На глубине»
13.20 «Большое небо»
15.30 «Меч»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никогда не сдавайся»
23.30 «На глубине»
01.10 «Тайны и ложь»
02.00 «Мұңды ызғар»
03.00 Кешкі жаңалықтар
03.30-04.20 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» т/х
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 01.50 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.10, 12.10 Сериал «Кухня»
13.20 Худ/ф «Красотки в бегах»
15.20 Худ/ф «Тараз»
17.25 Худ/ф «Инопланетное вторжение: битва за Лос-Анджелес»
20.00 Информбюро
21.00 Честно говоря
21.10 Т/х «Зейнеп»
22.05 «Другой мир: восстание ликанов»
00.00 Кино «Санта и компания»
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.20 «31 әзіл»
03.50 Сериал «Жүрек жыры»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 03.00 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 «Серт пен Сезім»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
10.50, 19.30 Сериал «Временно недоступен»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Зың-зың Күлпәш»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00, 02.00 «Гадалка»
16.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 «Q-Елі»
02.30 «ИП Пирогова»
03.30 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

24 МАУСЫМ – СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

СОТ САЛАСЫНА ҰДАЙЫ РЕФОРМАЛАР ЖАСАЛУДА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №183 қаулысы негізінде 24 маусым Судья және Сот қызметкерлері күні болып толықтырылды. Бұған дейін сот саласының айтулы мерекесі болмаған. Тек мемлекеттік қызметкерлер күні аталғанда судьялар да марапатталып, мерекелеп жататын. Енді міне, енші алып, сот жүйесіндегі түрлі реформаларды жүзеге асырып жатқан Алматы және Жетісу облысының судьяларын төл мерекелерімен «Алатау» қоғамдық саяси газетінің ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Мереке қарсаңында Әкімшілік істер бойынша сот алқасының төрағасы Жанат Алдабергенұлы Тазабековпен сұхбатты жариялап отырмыз.

АЛАТАУ: – Жанат Алдабергенұлы, 24 маусым – судья және сот қызметкерлер күні болып толықтырылды. Төлмере-келеріңізбен барлық судьяларды құттықтаймыз. Енді өзіңізбен жеке сұхбатқа көшсек, 2020 жылы 29 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті 2021 ҚР әкімшілік процесі кодексіне қол қойды және бұл заң 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап өз күшіне енді. Аталған Заң актілері қалай жүзеге асуда?

Жанат ТАЗАБЕКОВ: – Біріншіден, Судья және Сот қызметкерлері күнімен елеп ескеріп, ұжымыңыздың атынан құттықтап жатқаныңызға мың алғыс, көп рахмет! Өзіңіз білесіз, 23 маусым – Полицей қызметкерлері, 6-шы желтоқсан – Прокуратура органдарының төл мерекесі болып жеке аталып өтіледі. Ал, бүгінгі күнге дейін Судья және сот қызметкерлер күні деген болмаған. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы сот саласының қызметкерлерін елеп-ескеріп, атаулы күн Үкімет қаулысымен бекітілді. Бұл біз үшін үлкен мереке! Прокурорлар мен полицей қызметкерлері мерекелерін тойлап жатқанда, бізде неге осындай күн болмайды деп ойлайтынбыз. «Ештен кеш жақсы деген» осы шығар. Ал әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске келсек, Президент қол қойған күннен бастап күшіне енді. Жалпы бұл заңнамалық акт мемлекеттік орган, лауазымды азаматтар арасында туындайтын қоғамдық құқық қатынастарды реттеуге бағытталған.

АЛАТАУ: – Бұл айтып отырған заңнамаңыз тағы қандай дауларды шешеді. Заңда түйіні тарқатылмай қалған мәселелер бар ма?

Жанат ТАЗАБЕКОВ: – Жалпы сот саласында ұдайы реформалар жасалып келеді. «Көш жүре түзеледі» дегендей, заң күшіне енгеннен бастап оның олқы тұстары болуы заңдылық. Ол да біртіндеп қалыпқа келеді. Бұл кодекс азаматтармен кәсіпкерлермен, мемлекеттік органдар арасындағы дауларын шешуге мүмкіндік береді. ҚР Президентінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы жарлығымен Алматы облысының Талдықорған және Қаскелен қалаларында екі мамандандырылған аудандаралық әкімшілік соттары құрылды.

АЛАТАУ: – Өзіңіз күні бүгінге дейін даулардың қаншауын қарап шықтыңыз. Кәсіпкерлер көбінесе мемлекеттік органдармен дауласып жатады. Бұл даулардың басты себебі неде?

Жанат ТАЗАБЕКОВ: – Статистикаға қарайтын болсақ өткен жылда, 31 желтоқсан 2021 жылға дейін бізге – 1148 іс келіп түсті. Соның ішінде қайтарғаны – 620. Шығарылған шешім – 220, қанағаттандырылғаны – 130 шешім, қанағаттандырусыз қалдырылғаны – 90. Сонымен биылғы жылдың қаңтарынан бастап, бүгінгі күнге дейін 1141 іс қаралуға келіп түсті. Оның 225-і қайтарылды, 268-не шешім шығарылды. Соның ішінде қанағаттандырылғаны – 176 іс, қанағаттандырусыз қалғаны – 92. Сонда бір жылда 2289 іс түссе, соның ішінде 895-і қайтарылып, 488-не шешім шығарылған. 360 қанағаттандырылып, апеляциялық шағым бойынша қанағаттандырусыз 182-і қалдырылған. Міне, бұл біздің атқарылған істеріміздің нәтижесі. Иә, кәсіпкерлердің мемлекеттік органдарымен дауласып жатуы жиі болып тұрады. Олардың басты дау-дамайлары – салық комитеті, екінші, «Кеден» бекеті, мемлекеттік сатып алу сұрақтары және жеке сот орындаушылар тарапынан болып жатады.

АЛАТАУ: Ал тұрғын үй мәселесіне байланысты даулар аз ба, әлде көп пе?

Жанат ТАЗАБЕКОВ: – Бұл да күрмеуі шырмауықтай шатасқан үлкен мәселе. Жеке азаматтар жетіскеннен сотқа жүгінбейді. Тұрғын үй кезегіне қатысты даулар көп. Олардың көбі сот табалдырығына келгенде «Медиацияға» жүгініп келісімге келіп жатады. Талдықорған қаласы бойынша тұрғын үйге қатысты даулар қаралуда. Осы бағытта қалалық әкімдік жұмыс істеп, сол дауды сотқа жеткізбей өз араларында шешу керек деп айтып жатырмыз. Бірінші саты соттары төрағаларының ұйымдастыруымен жергілікті атқару органдарының басшылығымен бірнеше рет арнайы дөңгелек үстелдер, семинар, кеңестер өткізіліп жатыр. Бұл сотқа келіп түсетін істердің алдын алып, бір мәмілеге келу мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралар.

АЛАТАУ: – Сонда бұл баспаналар заңсыз беріліп кеткен бе?

Жанат ТАЗАБЕКОВ: – *Жоқ, мүмкін заңды берілген шығар, оны заңсыз деп те айта алмаймыз. Себебі біз оны қарап көрмегеннен кейін білмейміз. Бірақ әкімдік өздері тексеріс өткізіп жатыр. Сот қа-рауына түсетін әрбір арыз өзінше дара, сондықтан істің мән-жайын жақсылап тексеріп барып, заң талаптарын ұстана отырып бір тұжырымға келеміз.*

АЛАТАУ: – Жалпы сот жүйесіндегі реформаларға көңіліңіз тола ма?

Жанат ТАЗАБЕКОВ: – Заман ағымына қарай сот саласына реформа жүріп жатыр. Ол керек нәрсе, оны Президентіміз де айтты және бұл әлі де жалғасады. Жарты жылдық жиын жоғары сотта өтеді. Сол үшін қазір бәріміз баяндама дайындаудамыз. Мемлекет басшысының сот жүйесін түбегейлі реформалау және оған деген сенімді арттыру туралы тапсырмасын іске асыру бойынша әр облыс кемінде үш, бірақ бестен аспайтын нақты ұсыныс енгіземіз. Әкімшілік істер бойынша сотта мүмкіншілік көп. АППК дейтін заң бар. Бұрын Мемлекеттік қызметкерлерді сотқа шақырсақ, уақытымыз жоқ деп келмейтін. Жаңа Заң бойынша міндетті түрде келеді. Келмесе оларға айыппұл салынады. Егер сотқа құрмет көрсетілмейтін болса, жеке қаулы шығарамыз. Бұл мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттырады.

АЛАТАУ: – Сұхбаттасуға уақыт тауып, көңіл бөлгеніңізге көп рахмет. Еңбектеріңіз жемісті болсын!

Айтақын МҰХАМАДИ

БІЛІМ

ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЗДІК ПЕДАГОГТЕРДІ ТАРТУ
бағдарламасы бастау алды

ЕЛІМІЗДЕГІ АТЫРАУ, МАҢҒЫСТАУ, ТҮРКІСТАН ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСТАРЫНДА МҰҒАЛІМ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ. ТЕК АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА 602 МАМАН ТАПШЫ. ОНЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ ҮШІН ЖАҢА БАҒДАРЛАМА ҚОЛҒА АЛЫНЫП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АЙЖАН АДАМБЕКОВА БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫНДА МӘЛІМ ЕТТІ.

Өңірде мұғалім тапшылығын азайту үшін жасалған жаңа бағдарламаның артықшылығы көп. Жаңадан жұмысқа алынғандарға лауазымдық жалақының 250 пайыз мөлшерінде ынталандыру төлемдері бар. Оның ішінде жалақыны көтеру, тұрғын үйді жалдау ақысын және коммуналдық төлемдер шығынын өтеу қарастырылған.



Алматы облысында бастауыш сынып, орыс тілі және әдебиеті, математика, физика, химия, тарих, география, биология, информатика, ағылшын тілі мұғалімдері жетіспейді.

«Байқау жайлы хабарлама facebook, Instagram парақшаларында, сондай-ақ, Алматы облысы білім басқармасының ресми сайтында жарияланды. Құжаттарды қабылдау 17 маусымда басталды. Бұл байқау жайлы естімеген тұрғындарға айтарым, 26 маусымға дейін уақыт бар. Байқауға тәжірибелі ұстаздармен қатар оқуды енді бітірген жас мамандар да өтінім бере алады. Бағдарламаға қатысушы ұстаздар алдымен өз пәні бойынша тест тапсырады. Екінші кезеңге өткендер 350 сөзден тұратын эссе жазуы керек. Екі кезеңнен сәтті өткен мұғалім соңғы әңгімелесуден өтеді. Әңгімелесу зум платформасы арқылы сұрақ-жауап түрінде ұйымдастырылады», – дейді Айжан Адамбекова.

Іріктеуден өткен мұғалімдер 4 апталық біліктілікті арттыру курсынан өтеді. Сонымен қатар, онлайн және офлайн форматтағы семинарлар, вебинарлар, шеберлік сыныптары ұйымдастырылады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

«АЛАТАУДЫҢ» АРУЛАРЫ

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ: «ЖУРНАЛИСТЕР – ЖҮРЕК ЖЫРШЫСЫ. ОЛАР АДАМЗАТ ІШІНДЕГІ ЕҢ ЖҮРДЕК ЖАНДАР. ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ БАРМАЙТЫН ЖЕРІ, ШЫҚПАЙЫН ШЫҢЫ ЖОҚ. АСПАНДАҒЫ БҮРКІТ ЖЕРДЕГІ ҚҰМЫРСҚАНЫ КӨРСЕ, ЖУРНАЛИСТЕР ЖҰРТ ЖҮРЕГІНІҢ ЛҮПІЛІН СЕЗЕДІ ДЕ, ЖАРЫҚҚА ШЫҒАРЫП, ЖАРИЯ ЕТЕДІ» ДЕГЕН СӨЗІ БАР ЕДІ. СОЛ «АРҚАЛАҒАНЫ АЛТЫН, ЖЕГЕНІ ЖАНТАҚ» ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ МЕРЕКЕСІ ДЕ КЕЛІП ЖЕТТІ. АЙТУЛЫ МЕЙРАММЕН БАРЛЫҚ БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН, ОСЫ САЛАНЫҢ ГҮЛДЕНУІНЕ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕТІН БАРША ЖАНДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ. КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНА, ГАЗЕТТІҢ ЖАРЫҚҚА ШЫҒУЫНА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕТІН ЖАНДАР ТУРАЛЫ СЫР ШЕРТКЕНДІ ЖӨН КӨРДІК.

АЙНАЛАСЫН ГҮЛГЕ ОРАҒАН ГҮЛШАТ АПАЙ

Қандай басылым болсын, мейлі ол газет, мейлі кітап-журнал, барлығы баспаханадан басылып шығады. Ал ондағы шығармалардың жазылуын айтпағанда, жарыққа шығуына тікелей үлесін қосатын, әрбір бетіне, сыртқы пішініне, ішіндегі материалдардың орналасуына баса мән беретін кәсіп иелері – терімші-дизайнерлер. Сол секілді біздің басылымның да, біздің ғана емес, өңір бойынша шығатын барлық газет-журнал, кітаптардың жарыққа шығуына Гүлшат НҮСІПОВАНЫҢ қосып келетін үлесі зор-ақ.

Гүлшат Білісбайқызы – 1962 жылы Ақсу ауданына қарасты Ақсу ауылында дүниеге келген. Сол жерде ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин ашқан Мамания мектебінде білім алады. 1980 жылы мектеп бітіргеннен кейін Ресей жеріндегі Томск қаласында «Политехникалық институттың» дайындық факультетіне (РабФакқа) түседі. Кейін бір жылдан соң оқуға түсіп, оны 1986 жылы тәмамдап, инженер-математик мамандығын алып шығады.

Институтты бітіргеннен кейін Өзбекстан мемлекетінің Науаи қаласына жас маман болып тау-кен металлургия комбинатында алғашқы еңбек жолын бастайды. Бір жылдан соң тұрмыс құрып, өзінің туған жеріне қайта оралады. 1994 жылдан бастап Талдықорғандағы «Офсет» баспаханасына жұмысқа орналасады.

– *Осында қызметке келген сәтімде басшымыз Әли Ысқабай болған. Біз бастапқыда баспаханада тек кітаптар ғана басып шығаратынбыз. Ол кездері қазіргідей жаңа технология жоқ, компьютерлік жабдықтар ескі болатын. Мәселен, кейде бір кітапты толығымен теріп біткенде, техникалық ақаулар шығып, компьютер де, терген дүниеміз де барлығы өшіп қалатын. Одан кейін отырып алып қайта теретінбіз. Сондай күндер де басымыздан өтті,* – деп өткен күндерден сыр шертті кейіпкеріміз.

Инженер-математик мамандығын бітіріп шыққан Гүлшат апай өзінің білімділігі мен біліктілігінің арқасында терімші-дизайнер мамандығын жан қалауымен үйреніп, осы салада аянбай тер төгіп келеді.

– *Маған бұл мамандық бұрыннан ұнайтын. Өзбекстан елінде жұмыс істеп жүргенде жұмыс орнымызда баспа машинасы болатын. Соған қызығып, бос уақытымызда неше түрлі нәрселерді теріп отыратынбыз. Осылайша қызығушылығым оянып кетті. Бүгінде сол сүйікті ісіммен айналысып келемін*, – дейді Гүлшат Білісбайқызы.

Саналы ғұмырының ұзақ уақытын баспа ісі саласына арнаған Гүлшат апай бүгінде өмірлік жолдасы Сайдал ағамызбен бірге бақытты ғұмыр кешіп келеді. Екі ұлды тәрбиелеп өсіріп, келін түсіріп, ата-ене атанып отырған үлгілі отбасылардың қатарында. Балаларынан 6 немере сүйіп, аяулы ата-әже атанып отыр. Офсет баспаханасы мен «Алатау» газетінде терімші-дизайнер болып 28 жылдан аса уақыт ерен еңбек сіңіріп келетін Гүлшат Білісбайқызы биыл асқаралы алпысқа толды. Ендігіде ол жылдар бойғы қылған бейнетінің, зейнетін көрмекші. Еңбегі ерен апайымызға өмірдің тек қуанышын ғана көріңіз дейміз. Мерекеңіз құтты болсын!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ: Қараша ҚАРАМАН, журналист, өлкетанушы:
– «*Зейнет жасына жетсек те үйде тыныш отыра алмайтын жандардың қатарынанбыз. Осы «Офсет» баспаханасына кітаптар шығаруға келемін. Баспахана басшылығының рұқсатымен, одан кейін осындағы қарындастарымыздың көмегімен жарыққа түрлі құнды еңбектеріміз шығып жатыр. Тоқсаныншы жылдары технологияның ескілігіне қарамай, талай істің басын құраған Гүшат Нүсіпова, Айнаш Бияхметоваларға айтар алғысым шексіз. Әр кітаптың, газеттің шығуына үлкен үлестерін қосуда. Өздерінің біліктілігін көрсетіп, жан-жақты ізденіп, тіпті, мына жаңа технологиялардың қыр-сырын біліп, жақсы игеріп отырған білікті мамандар. Еңбексүйгіш адам болса осылардай-ақ болсын, оқыды, ізденді, алға ілгерілеп келеді.*

Алда журналистердің кәсіби мерекесі келе жатыр. Осы орайда, барша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен осы салаға сүбелі үлестерін қосып келетін жандарды мерекелерімен құттықтаймын! Еңбектері еленіп, жазарлары көп болып, әрдайым қаламдары қуатты, сөздері өтімді, еңбектері жемісті бола берсін. Шабыт пен шығармашылық табыс тілеймін!

ІСІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛҒАН

Газет – халықтың жаршысы, айнасы десек артық болмас. Бүкіл әлемде ақпарат тарататын, жаңалықтармен бөлісетін, қажетті мәліметтерді беретін ақпарат құралының бірі газет жайында Әлихан Бөкейхан төрт қағида айтқан. Бірінші қағида: «Газет – халықтың көзі, құлағы мен тілі», екінші қағида: «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе», үшінші қағида: «газет – халыққа білім таратушы», төртінші қағида: «газет — халықтың жоқтаушысы» деген екен. Міне, сол газетті басып шығаруда өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүрген жандардың да алар орны айрықша. Солардың бірі «Офсет» баспаханасындағы «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің монтаждаушы қызметін атқаратын Зәуре СЕМБАЙҚЫЗЫ.

Сарқан ауданына қарасты Бірлік ауылында дүниеге келген Зәуре Таченова қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі көлік жүргізуші болып қызмет атқарса, анасы 4 қызды дүниеге әкеліп, бала тәрбиесімен айналысып, жаз мезгілінде қызылша алқабына жұмысқа шыққан.

Мектеп бітіргеннен кейін ол балабақша тәрбиешісі мамандығын игеріп, 1981 жылдан 1986 жылға дейін «Бірлік» ауылының балабақшасында жұмыс жасайды. 1987 жылы құрбыларымен бірігіп, комсомолдық жолдамамен Екібастұзға құрылыс алаңына жұмысқа барады. Өткен күндердің естелігімен бөліскен апаймыз құрылыс алаңына «Романтика іздеп бардық қой» деп жылы жымиды. Еңбекке ерте араласқан Зәуре Сембайқызы араға екі жыл салып, 1989 жылы Талдықорған қаласына көшіп келеді. Мұнда келген соң «Офсет» баспаханасына жұмысшы керектігін естіп, ақпан айында осы мекемеге жұмысқа орналасады. Содан бері аттай 33 жыл бойы баспаханада монтажшы қызметін атқарып келеді.

Әңгіме желісінде кейіпкеріміз қандай жұмыстың да қиындығы мен қуанышы қатар жүретінін айтты.

«*Алғашында «Алатау» газеті жарнама газеті ретінде шықты. Ол кездерде техника дамымаған заман болатын, газет беттерін монтаждап, кішкене фотопленкаға басамыз, сосын оны рамаға салып, көшірме жасаймыз. Сосын қайта өңдеп, жуып, кептіріп баспагерлерге береміз. Ал баспагерлер машинаға салып, газет беттерін басып шығаратын. Содан бері қандай тәсілдер қолданбадық... сурет шығару үлгісін қолдандық, кейін таспа арқылы қиып, журналистер әкеліп берген макет бойынша басып, суретін қойып, сызықтарын қолмен жасап шығаратынбыз. Ал қазір га-*

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

зетті журналистер мен дизайнерлер дайындап, PDF форматын оператор балаларға жібереді, оператор пластиналарға көшіреді, пластинаны баспа машинасына жүктеп, жедел түрде газет басылып шығарылады. Осылайша жылдан-жылға техника жаңарып, жұмысымыз жеңілдеуде. Барлығын автоматтандырылған машина жасайды. Менің қазіргі міндетім, баспахана шығаратын өнімдерін тігіп, «Алатау» газетін бөліп, орап, аудандарға жіберемін. Біздің баспаханада тек «Алатау» ғана емес, ауданның барлық газеті басылып шығады. Шыққан газеттерді өздерінің кезекші редакторлары алып кетеді, – дейді Зәуре апай.

Газеттердің басылып шығуында ерен еңбек сіңіріп келетін Зәуре Сембайқызы Алла қосқан қосағымен бірге бүгінде екі ұлды тәрбиелеп жеткізді. Келін түсіріп, немерелі болды. Отбасының жалауын желбіретіп отырған Зәуре апай ұжымда да өзіндік салмақты орнымен бағаланып, баспа жұмыстарының өркендеуіне белсене ат салысып келеді. Ісімен көпке үлгі болған Зәуре Сембайқызына өмір жолының шуақты да бақытты күндермен астаса берсін дейміз. Мерекеңізбен!

«БАСПАХАНА – МЕНІҢ ЕКІНШІ ҮЙІМ»

«Алатау» қоғамдық-саяси газетінің ғана емес, баспахана тарихын да жақсы білетін, бір орында тапжылмай 34 жыл еңбек етіп келетін баспа ісінің үздігі Бақыт ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ баспахананы өзінің екінші үйі деп есептейтінін айтады.

1988 жылы «Алматы полиграфиялық училищесіне» түсіп, баспагер мамандығын алып шығады. Оқуын тәмамдаған жылы Талдықорған қаласындағы «Офсет» баспаханасына жұмысқа орнығады. Содан бері үздіксіз осы жерде қызмет етіп келеді.

«Ол жылдарда баспахана барлық аудандық газеттер аптасына үш рет басылатын. «Алатау» қоғамдық-саяси газеті ол кезде шықпады. Біздің тікелей міндетіміз бланктер басып шығару еді. Газетке қатысты жұмыстар бөлек болды. Әріптестерім – Зәуре Таченова, Айнаш Бияхметова, Гүлшат Нүсіповалар сол кезден газет шығару жұмысына тікелей араласты», – дейді әңгімесінде Бақыт апай.

Алғашқы еңбек жолын бланк шығару бөлімінен бастап, кейін газет терімшісі болып еңбек етсе, 1996 жылдан бастап шебер (мастер) болып, сосын цехтың жауапты басшысы, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып та қызмет атқарды.

Өткен күндерді еске алған Бақыт апай газет басудың қиындығы туралы да айтып берді. *«Ол тұстары бәрі қолмен атқарылды. Алдымен линотипте әріп теріледі, ол қорғасынға құйылады. Құйылған беттер баспа машинасына жалғанады. Содан басуға әзірлік басталады. Қазір мұның бәрі аңыз секілді. Уақыт бәрін өзгертеді екен. Қазір әр бөлмеде компьютер. Газет түрлі-түсті бояумен шығады».*

Отыз бес жылдық еңбек өтілі бар Бақыт апай бүгінде баспагерлік істе өзіндік орны бар маман десек болады.

«Отыз жылдан аса уақыт осындай ортада керемет адамдармен қызметтес болғаныма шүкіршілік деймін. Мен өз мамандығымды, жұмысымды жақсы көремін. Осы жылдар ішінде басылымыздан нелер өтпеді. Айрандай ұйыған ұжымның ұйымшылдығының арқасында кездескен кедергілерге мойынсынбай, алға басып келеміз. Алдағы уақытта да ісіміз ілгеріліне беретініне бек сенемін», – дейді ол.

Бүгінде Бақыт апайымыз Ерлан ағамызбен бірге алтындай екі баланы тәрбиелеп отырған үлгілі отбасылардың қатарында.

Біз оны танығалы да біраз жыл. Мінезге бай, кең адам. Өмірден көріп түйгені мол апайымыз үнемі «Ашу – әлсіз адамдардың әрекеті» екенін еске салып отырады. Ол бәрін сабырмен, ақылмен жеңдіруге құштар жан. Алдыңғы толқын мен кейінгілер алдында да ізеттілік танытудан кенде емес. Осындай аяулы жанмен қызметтес болғанымызды мақтан етеміз. Еңбегіңіз жана берсін жан әпке! Мейрамыңызбен!

Материалдарды дайындаған А. НҰРЖАПАР. А. БЕКМОЛДИНА.

ӘРІПТЕС

АЛМАНЫҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІ

Журналистер ақпаратты жеткізуші ғана емес, халық пен билік арасындағы алтын көпір, қалың бұқараның насихаттаушысы, идеологиялық жаршысы. Журналистің еңбегі сегіз сағаттық жұмыс қалыбына сыймайды. Кейде бір мақаланы жазу үшін бірнеше күн жүріп, сөздің киесіне құрметпен қарап, ізденетіні бар. Үздіксіз еңбектің артында сапалы шығармалар туындап, оқырманын сол жазғанымен сусындатады. Өзінің құнды қолтаңбасы бар Алма ЕСЕНБАЙ «Жетісу» газетіне ғана емес, күллі қазақ еліне, журналистика саласына өзінің сүбелі үлесін қосып келеді.

Ол Жамбыл ауданына қарасты Қарақыстақ ауылында дүниеге келген. Сүйінбай ақынның туған жерінде өлеңдерімен сусындап өскендіктен бала кезден кітап оқуға, өлең, шығарма жазуға құмар болған. Осы қасиеттер оны журналистикаға жетеледі. 1995 жылы мектепті бітірген-нен кейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне түсіп, 1999 жылы оқуын тәмамдайды. Сол жылы Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Міне, содан бері тапжылмай, журналистика саласына 23 жыл еңбегін сарп етіп келеді.

«Газеттің сөзі – бір күндік, өзі мың жылдық» дегендей, журналистер түнді түнге жалғап, шабыт іздеп, мақала жазады. Әрбір жазған туындысын жақсы етіп шығаруы үшін оған қаншама жылдық білімі мен таусылмас ізденісі қажет болады. Мұның барлығы – жұмысқа деген жауапкершілік, әрі мамандыққа деген сүйіспеншілік пен шығармасына деген шынайылығынан болады. Ал мұндай жауапкершілікті екінің бірі түсіне бермейді.

– Журналистика саласына алғаш аяқ басқан сәтімізде жазғанымызды тексеріп, білмегенімізді үйретken игі жандар көп еді. Атап айтсам, сондай тамаша жанның бірі – Жанкүміс Жәменке апайымыз болды. Жетісу өңіріндегі журналистердің біразы сол кісіден тәлім алған десем, қате айтпаймын. Одан кейін Нұржамал Әлішова да бізді өз мектебінен өткізген. Нүсіпбай Әбдірахым ағамыздан да мақаланы қысқарту, деректерге мән беру сынды нағыз журналиске тән кәсіби шеберлікті меңгердік. Сол кісілермен бірге еңбек етіп, біраз уақыт қызметтес болдық. Тағы бір ұстазым, белгілі журналист Болат Абаған ағамыз. «Жетісуға» қадам басқанда ең алғашқы мақаламды өңдеп, бағыт-бағдар берген жан. Студенттік шақта барлық білімгерлер тележурналист болуды армандайтын. Балалық па екен деймін, бастапқыда менде сол арманның жетегінде болдым. Кейіннен өзіме редакция жақын екенін түсініп, газетке табан тіредім, – дейді кейіпкер ағынан жарылып.

Расында, нағыз журналист болу үшін адам барлық нәрсені жан дүниесімен сезіне білу керек. Қолға қалам алып жазғанда, оның барлығы ішкі жан дүниеден өтеді. Одан кейінгі қасиет – дарын. Себебі дарын мен қабілет болмаса, қанша жерден сезім мен түйсік мықты болып тұрса да журналист шықпайды. Мұны Алма апаймен әңгімеде байқадық. Адам өз мамандығын жақсы көрсе, барлық қиындығын ұмытып кетеді, керісінше, алдынан шыққан қиыншылықтардан ләззат алады.

Алма апай бүгінде облыстық «Жетісу» газетінде «Руханият» бөлімінің меңгерушісі. Тіл, әдебиет, мәдениет, ғылым-білім сынды тақырыптар аясында материалдар дайындап, бөлім ісін алға ілгерілетіп отыр. «Руханият» газеттің ауқымды бөлімдерінің бірі.

Журналист қандай мақала жазса да, оны далада қар немесе су кешіп жүріп, я, болмаса егістік алқаптарында шаңтопырақ кешіп жүріп те жазады. Оның кішкентай түйір жазғаны болса да, үлкен еңбекпен келеді. Себебі қалам тербегенде оған жан-тәнінді беріп жазасың. Сондықтан да журналистика қиын әрі қызықты мамандық.

Отбасында үш бала тәрбиелеп отырған ана – адал жар, сыйлы келін, ардақты ана, өз саласының шын жанашыры. Мамандығы мен үйдің күйбең тіршілігін қатар алып жүрген жанның бойынан шынайылық пен еңбексүйгіштікті байқамау мүмкін емес. Өз жұмысына тиянақты қарайтын Алма апайымыздан үйренеріміз көп. Кәсіби мерекеңіз құтты болсын, ардақты жан!

Арайлым НҰРЖАПАР

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ЖУРНАЛИСТ

Бар сырын тануға заманның,
Уақыттың көшіне ілескен.
Сиқырлы күшімен қаламның,
Сан алуан тағдырмен тірескен.

Айтылар алғыстар саған мың,
Жалғандық атаумен күрессең.
Дәріптеп жақсының талабын,
Эфирден шашатын жарық нұр.

Бір өзі білген көп саланы,
Бір өзі зерттеуші – тарихшыл.
Айырып ақ пенен қараны,
Жаза алған журналист – халықшыл.

Жаңалық таратса ғаламға ,
Естіртken жанға да – ең керең.
Рух беріп қиналған адамға ,
Шаттық та бөліскен елменен.

Бар шынын білгенмен, қоғамда,
Жан сырын жат елге бермеген.
Баршаға тиетін пайдасы,
Журналист «шындық» - деп күйетін.

Сөзінде бар оның қайраты,
Әділдік айтса бас иесің.
Халықтың болған соң айнасы,
Жарық күн жаршысын сүйесің.

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

ОБЖАЛОВАНИЕ ДЕЙСТВИЙ (БЕЗДЕЙСТВИЯ) СУДЕБНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЕЙ

Исполнение судебных актов представляет собой заключительную стадию административного судопроизводства и определяет эффективность правосудия в государстве. Целью исполнительного производства является обеспечение восстановления нарушенных или оспариваемых прав и охраняемых законом интересов. Обжалование действий (бездействия) судебного исполнителя является формой судебного контроля в исполнительном производстве, направленной на защиту прав и интересов сторон исполнительного производства. Предметом обжалования являются действия и бездействие судебного исполнителя. Многие граждане после решения суда, как исполнительный лист поступил судебному исполнителю и он не принимает действенных мер, недостаточно понимая свои права по обжалования действия и бездействие судебного исполнителя остаются в затруднительном положении. В связи с этим, судья Алматинского областного суда Раушан ДАКУБАЕВА дает подробное разъяснение по интересующим вопросам граждан, приведя конкретные примеры.

В соответствии с пунктом 3 статьи 76 Конституции Республики Казахстан и статьей 21 ГПК вступившие в законную силу судебные акты обязательны для исполнения всеми государственными органами, органами местного самоуправления, юридическими лицами, должностными лицами, гражданами и подлежат исполнению на всей территории Республики Казахстан.

Субъектами обжалования являются взыскатель или должник, их правопреемники, а также иные лица, которые вправе обратиться в суд с заявлением о нарушенных правах в порядке и в сроки, предусмотренные статьей 136 АППК.

За пять месяцев 2022 года судебной коллегией по административным делам Алматинского областного суда рассмотрено 30 дел указанной категории.

Из них отменено три решения, изменено два решения, остальные оставлены без изменения.

Так, постановлением судебной коллегии по административным делам Алматинского областного суда от 17 января 2022 года отменено решение Капшагайского городского суда Алматинской области от 11 ноября 2021 года Дело направлено на новое рассмотрение в Капшагайский городской суд.

Из материалов дела следует, что решением Капшагайского городского суда Алматинской области от 15 декабря 2020 года истребованы с Простого садоводческого товарищества в лице председателя С. копии документов в касающиеся регистрации, финансово – хозяйственной, организационной деятельности ПСТ .

На основании решения суда выданы исполнительные листы.

Постановлением частного судебного исполнителя Н. от 21 апреля 2021 года возбуждены исполнительные производства.

В рамках исполнительного производства судебным исполнителем приняты меры по обеспечению исполнения исполнительного документа в виде наложения ареста на недвижимое имущество – квартира по адресу: город Капшагай, земельный участок для ведения садоводства по адресу: город Капшагай.

Истец, не согласившись с действиями частного судебного исполнителя, обратилась в суд с иском, мотивируя свои требования тем, что фактическим ответчиком является ПСТ, а она как председатель правления, является представителем ответчика, а не ответчиком по делу. По решению суда никакие аресты имущества и прочие ограничения не могут быть возложены на её личное имущество.

Решением Капшагайского городского суда Алматинской области от 11 ноября 2021 года в удовлетворении иска отказано.

В апелляционной жалобе истец, ссылаясь на нарушения норм процессуального права, просила решение суда отменить.

В судебном заседании установлено, что данное дело было принято в производство Капшагайским городским судом 8 июня 2021 года, до введение в действие АППК.

Определением Капшагайского городского суда от 29 июня 2021 года гражданское дело оставлено без рассмотрения.

Определением судебной коллегии по гражданским делам Алматинского областного суда от 1 сентября 2021 года, определение Капшагайского городского суда от 29 июня 2021 года отменено и дело направлено на новое рассмотрение.

Заявлением от 20 сентября 2021 года истец С. обратилась в Капшагайский городской суд, с просьбой рассмотреть ее иск в рамках Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан.

Однако в нарушении требовании части 4 статьи 175 АППК, дело было рассмотрено по правилам АППК.

В соответствии с подпунктом 1) части 4 статьи 427 ГПК решение суда подлежит отмене в любом случае если дело рассмотрено с нарушением правил подсудности.

Следующий пример, постановлением судебной коллегии по административным делам Алматинского областного суда от 6 апреля 2022 года решение специализированного межрайонного административного суда №2 Алматинской области от 22 февраля 2022 года отменено.

Вынесено новое решение, которым административный иск К, удовлетворен.

Постановлено признать незаконным действия частного судебного исполнителя Т. по вынесению постановления от 23 декабря 2021 года об определении задолженности и отменить постановление об определении задолженности К. по алиментам в размере 1 143 377 (один миллион сто сорок три тысячи триста семьдесят семь) тенге .

Взыскать с частного судебного исполнителя исполнительного округа Алматинской области Т. в доход государства государственную пошлину в размере 1532 (одна тысяча пятьсот тридцать две) тенге.

Основаниями отмены явились следующие обстоятельства.

ЧСИ Т. постановлением от 23 декабря 2021 года определил задолженность истца по алиментам на сумму 1 143 377 тенге с учетом задолженности истца по постановлениям ЧСИ М. и А. от 24 октября 2017 года и от 15 мая 2018 года.

Апелляционной инстанцией административные иски К. о признании незаконными и отмене постановлений ЧСИ СМ. и А. от 24 октября 2017 года и от 15 мая 2018 года направлены в суд первой инстанции, для рассмотрения по существу.

Статьей 156 АППК предусмотрено, если иск об оспаривании обременяющего административного акта, затрагивающего права, свободы и законные интересы истца, является обоснованным и суд признает его незаконность, то он отменяет его полностью или в какой-либо части.

Учитывая, что судом не дана оценка законности и обоснованности постановлений ЧСИ М. и А. от 24 октября 2017 года и от 15 мая 2018 года, н обжалуемое постановление нельзя признать законным и обоснованным и оно подлежит отмене.

Поэтому решение суда первой инстанции об отказе в удовлетворении требовании истца о признании незаконном и отмене обжалуемого постановления является преждевременным.

По результатам рассмотрения судом первой инстанции административных исков К. на действия ЧСИ М. и А. ответчик вправе вынести новое постановление об определении задолженности истца по алиментам.

Необходимо отметить, что суды в основном правильно рассматривают иски об обжаловании действий (бездействия) судебных исполнителей.

Постановлением судебной коллегии по административным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 5 мая 2022 года решение специализированного межрайонного административного суда №2 Алматинской области от 15 октября 2021 года, постановление судебной коллегии по административным делам Алматинского областного суда от 16 ноября 2021 года оставлены в силе.

Кассационная жалоба Банка оставлена без удовлетворения.

Решением специализированного межрайонного административного суда №2 Алматинской области от 15 октября 2021 года иск АО «Народный Банк Казахстана» удовлетворён частично:

- признаны незаконными действия частного судебного исполнителя исполнительного округа Алматинской области Б. по предоставлению разрешения на самостоятельную реализацию земельного участка на праве временного возмездного долгосрочного землепользования общей площадью 1911,9 гектаров,

- признано незаконным и отменено постановление частного судебного исполнителя исполнительного округа Алматинской области Б. от 6 сентября 2021 года в части распределения взысканных денежных средств в размере 11 457 392 тенге.

В удовлетворении иска в части признания незаконными действий по предоставлению разрешения на самостоятельную реализацию арестованного имущества должникам ТОО от 1 сентября 2021 года, 3 сентября 2021 года, о признании незаконными действий по распределению денежных средств и отмене постановлений от 6 сентября 2021 года о распределении взысканных денежных средств в размере 65 541 727 тенге, в размере 11 263 521 тенге - отказано.

Распределены судебные расходы по оплате государственной пошлины.

Постановлением судебной коллегии по административным делам Алматинского областного суда от 16 ноября 2021 года решение суда первой инстанции оставлено без изменения.

Судебной коллегии по административным делам Верховного Суда Республики Казахстан указано, что право землепользования было реализовано в рамках принудительного исполнения решения суда, путём обращения взыскания на залоговое имущество по обязательствам залогодателя, а не во внесудебном порядке. Более того, судом правильно указано, что для самостоятельной реализации должником своего имущества, обращенного к взысканию, согласно нормам действующего законодательства не требуется получение согласия взыскателя, а скорейшая реализация имущества приведет к погашению и/или уменьшению суммы долга и расходов по исполнению. Установлено, что залоговое имущество должников было реализовано по цене не ниже, определённой оценочной компанией ТОО «Про оценка», с оценкой Банк был согласен.

Судами рассматриваются также иски о признании действия ЧСИ в части вынесения постановления об утверждении суммы оплаты деятельности частного судебного исполнителя незаконными.

Частному судебному исполнителю производится оплата его деятельности в соответствии со статьями 118, 120 Закона Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей», размер которой определяется постановлением Правительства Республики Казахстан от 4 мая 2014 года № 437 «Об утверждении размеров оплаты деятельности частного судебного исполнителя» (далее – Правила).

Оплата деятельности частного судебного исполнителя производится только в случае полного или частичного исполнения исполнительного документа. Если исполнительный документ имущественного характера исполнен частично, то частному судебному исполнителю выплачивается только часть оплаты его деятельности, пропорциональной взысканной сумме или стоимости имущества.

Иски об обжаловании действий (бездействия) судебных исполнителей занимают значительное место и поэтому необходимо внести соответствующий изменения в Закон Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей», которые регулировали бы вопросы досудебного разрешения спора сторон исполнительного производства.

И в заключении пользуясь случаем, хотела бы поздравить с профессиональным праздником всех своих коллег и работников областного суда, пожелать всем крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов в ответственной и почетной работе!!!

Раушан ДАКУБАЕВА,
судья Алматинского областного суда

РЕФОРМЫ

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА – ОТВЕТСТВЕННАЯ СФЕРА

Всем известно, что судебная система ответственная сфера. Поэтому шагая в ногу со временем требуется систематический модернизировать и улучшать работу в этом направлении. И не случайно в нашей республике за последние годы принято множество государственных программ и законодательных новшеств в целях улучшения деятельности судов. После обретения страной независимости в для совершенствования работы постоянно происходит реформирование судебной системы. Благодаря принятым этим реформам происходят существенные изменения в казахстанской судебной системе. Одна из ключевых на реформ является обеспечение верховенства права и модернизацию этой сферы.

В этой связи Председатель Верховного Суда Республики Казахстан Ж. Асанов предложил меры, направленные на решение насущных задач судебной системы нашей страны и названные семью камнями правосудия. В качестве первой задачи председатель Верховного суда определил справедливость правосудия. Было признано, что люди видят совершенно разные судебные решения по схожим делам, что, конечно, не может не вызывать у граждан вопросов, а порой и ощущения несправедливости, творящейся в судах. В целях обеспечения справедливого правосудия предложено более активно задействовать принцип равноправия сторон уголовного процесса и их состязательности.

В соответствии с приоритетами, определенными государством в правовой сфере, принят ряд мер по дальнейшей модернизации судебной системы, направленной на упрощение судопроизводства, разграничение вопросов правосудия и судебного администрирования.

Одним из ключевых вопросов реформирования казахстанских судов - это формирование качественного судейского корпуса. Так, в настоящее время законодательно предусмотрены жесткий механизм отбора кандидатов в судьи и высокие квалификационные требования для них. Вершить правосудие должны и будут самые достойные и наиболее подготовленные профессионалы с большим жизненным опытом и высокими моральными принципами.

Как говорится все течет и все меняется безусловно,и в дальнейшем судебная система Казахстана будут совершенствоваться и улучшаться. Об этом высказался и Глава государства Касым-Жомарт Токаев подчеркнув, что при отправлении правосудия не может быть иных принципов, кроме справедливости и беспристрастности.*«Необходимость реформирования судебной системы назрела. Мы слышим эти призывы от иностранных инвесторов, наших предпринимателей и сограждан. Поэтому в ближайшее время мною будут объявлены конкретные масштабные меры в данном направлении»*, - сказал Президент, на встрече с представителями бизнеса.

Гульдана ЕРБАТЫРОВА,
ведущий специалист Текелийского городского суда.

Бейсенбі - Четверг, 30 маусым

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 02.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.10, 21.30 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Жан жылуы»
15.35 «Ауылдастар»
16.10 «Bizben birge»
20.35 «Ashyq alan»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.15 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.50 «Теледәрігер»

ХАБАР
05.00, 16.00 «Соседи-5»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Убить Билла-1»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «31 Бөлімше»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Көкжал»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит «Убить Билла-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Келінжан»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА
06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Ду-думан» шоу
16.50 Т/х «Өрмек»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Есіктер»
20.00, 03.40 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.00 «Ой мен Ойын»
02.45 «Айтарым бар»

ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.40 «Тамаша City»
06.45, 04.25 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Казақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10, 00.15 Сериал «Заключение»
13.15 Сериал «Крепость»
14.10, 02.05 «НОВОСТИ»
14.20, 02.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.10 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Последняя статья журналиста»
01.15 «В клетке»
02.25 «Паутина»

КТК
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.15 Т/х «Мұңды ызғар»
09.30 Т/х «Қиын шақ»
10.30 «Было дело»
12.40 «На глубине»
14.30 «Никогда не сдавайся»
16.30 «Меч»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никогда не сдавайся»
23.30 «На глубине»
01.10 «Тайны и ложь»
02.00 «Мұңды ызғар»
03.00 Кешкі жаңалықтар
03.30-04.20 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
12.55 роликтер
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ
06.00 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 02.30 Т/с «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.00, 12.10 Сериал «Кухня»
13.10 «Инапланетное вторжение: Битва за Лон-Анджелес»
15.45 «Другой мир: Восстание Ликанов»
17.50 Худ/ф «Патруль времени»
20.00 Информбюро
21.00 Сездің шыны керек
21.10 Т/х «Зейнеп»
22.05 «Хеллбой: Герой из Пекла»
00.50 Кино «Первый поцелуй»
03.10 Сериал «Базарбаевтар»
04.00 Сериал «Жүрек жыры»
04.50 What s upp?

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 03.00 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 «Серт пен Сезім»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
10.50, 19.30 Т/с «Временно недоступен»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Зың-зың Күлпаш»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00, 02.00 «Гадалка»
16.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 «Q-Елі»
02.30 «Психологини»
03.30 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 1 шілде

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Телехикая «Гүлдер құпиясы»
12.10, 21.30 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10 «Қызық екен...»
13.50, 02.00 «Теледәрігер»
15.15 Деректі фильм «Мұра»
15.40 «Ауылдастар»
16.10 «Бізбен бірге»
17.15 Деректі фильм
17.35, 23.15«Көңіл толқыны»
20.35, 01.10 «Ашық алаң»
22.20 Т/х «Жат Мекен»
00.00 «Парасат майданы»

ХАБАР
05.00 Сериал «Соседи-5»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Убить Билла-2»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Көкжал»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Келінжан»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА
06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.45 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Ду-думан» шоу
16.50 Т/х «Өрмек»
17.35 «Кішкентай келін» т/х
18.30 Х/ф «Гламур для дур»
20.00, 03.40 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.00 Т/х «Ене»
02.00 «Ой мен ойын»

ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.20 «Тамаша сити»
06.45 «Той заказ»
07.15«Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Заключение»
13.15 Сериал «Крепость»
14.10, 02.15 «Новости»
14.20, 02.25 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 04.05 Басты жаңалықтар
19.00 «Көремiз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Д/ф «Январский рубеж»
21.10 «Поле чудес»
22.35 Сериал «По следу зверя»
02.35, 04.30 «Паутина»

КТК
07.05, 19.30, 03.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.15, 02.00 «Мұңды ызғар» т/х
09.30 Т/х «Қиын шақ»
10.30 Х/ф «На глубине»
12.20 «Никогда не сдавайся»
14.20 «Көріпкел»
16.15 Т/х «Өгей ана»
20 «Никогда не сдавайся»
14.20 «Көріпкел»
16.15 Т/х «Өгей ана»
17.50 К/ф «Жанұя»
20.00 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Успеть все исправить»
01.10 Криминальный детектив «Меч»
03.30 «КТК» қоржынынан»

ЖЕТІСУ
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.40 роликтер
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ
06.00 « Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30, 20.00 «Информбюро»
08.30 «Көмектесейік»
08.40, 02.00 Т/с «ХАНШАЙЫМ»
09.30, 21.00 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.20, 12.30 Сериал «Кухня»
13.30 Мультфильм
15.20 Х/ф «Патруль времени»
17.30 Х/ф «Хеллбой: герой из пекла»
21.55 Х/ф «Львы для ягнят»
00.00 Х/ф «Дьявольщина»
02.40 Сериал «Базарбаевтар»
03.20 «31 әзіл»
03.50 Сериал «Жүрек жыры»
04.40 What's up?

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30, 03.00 «Оян, Қазақстан!»
07.00 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 Т/х «Гудя»
09.00, 00.00 «Маска»
10.50, 19.30 Телесериал «Временно недоступен»
13.00 «San taram»
14.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00,02.00 Сериал «ГАДАЛКА»
16.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 Скетчком «Q-елі»
02.30 Сериал «Психологини»
03.30 «Тамаша»
04.30 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 2 шілде

ҚАЗАҚСТАН
06.05, 02.20 «Жәдігер»
06.25, 20.00, 01.20 Ақпарат
07. 00 «Көңіл толқыны»
08.05 «Дәуір даналары» деректі фильмі
08.50 «Күміс көмей»
09.30 «Әйел әлемі»
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.00 «Qazaqstan дауысы».Балалар
14.00 «Ән мен әнші»
16.00 М/ф «Биші қыз»
17.25 «Күй-керуен»
20.20, 01.40 «Мәселе»
22.35, 23.30 Телехикая «Жат мекен»
23.50 КТА

ХАБАР
05.00, 16.00 Сериал «В чужом краю»
07.00 Телехикая «Өз үйім»
08.45 «Өзін-өзі тану»
09.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
10.00 «Таңғы fresh»
10.30 «Ән әлемі»
11.00 Кино «Шал»
10.30 «Ән әлемі»
12.45 Т/х «Келінжан»
18.00 Мегахит «Расправа»
20.00 «7 күн»
21.00 «Отдел журналистских расследований.Ближе к делу»
22.30 Концерт

АСТАНА
06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 Концерт «Жеті ән»
13.00 Т/х «Есіктер»
15.00 «Шымкент шоу»
18.50 «Әзіл кеш»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.35 Т/х «Қағаз кеме»
01.35 Х/ф «Биші қыз»

ЕВРАЗИЯ
06.00,03.45 «Той БАЗАР»
07.20 «Той ЗАКАЗ»
07.55, 03.00 «П@утина»
08.50 Д/ф «Спасибо тем, кто не мешал»
10.00 Сериал «По следу зверя»
14.00 Сериал «Кафе на садовой»
18.00 «Каймақ»
18.30 «Айна»
19.30 Х/ф «Аниматор»
21.25 Сериал «Своя земля»
01.45 Ночной кинотеатр «Отрыв»

КТК
07.05, 03.40 «КТК қоржынынан»
07.30 Т/х«Үлкен үй»
08.10 «Көңілді отбасы»
09.00 «КТКweb»
09.30 «Следствием установлено»
11.00 Криминальная драма «Успеть все исправить»
14.50, 02.20 К/ф «Жүрегімдесің сен!»
16.30 К/ф «Қанішерлер ойыны»
18.00Концерт «Махаббат қаласы»
21.00 Мелодрама «Одессит»
00.50 Мелодрама «Меч»

ЖЕТІСУ
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» т/х
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 «Экономика жаңалықтары»
12.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Мәдениет жаңалықтары
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «О рыбаке и его жене» ертегісі
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Жанашыр»
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Мәдениет жаңалықтары
16.00 «ШАШУ»
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Әйгілі режиссер»
19.15 Новости
19.30 «Безбен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сделано в Казахстане»
22.40 «Әсем әуен»
23.00 К/ф «Құдайы қонақ»

31 КАНАЛ
06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Bizdin show»
12.00 Кино «Мен жұлдызбын»
14.10 М/ф «Иван Царевич и серый волк-4»
16.00 Кино «Келинка тоже человек»
18.15 Х/ф «Робот по имени Чаппи»
20.40 Х/ф «Падение ангела»
23.20 Концерт «Алдараспан»
01.20 «What's up?»
02.00 «Әзілдер күнделігі»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Құтты қонақ»
07.30, 02.50 «Ән әлемі»
09.30 «Орел и Решка»
10.30 Сериал «Алиса против правил»
14.30 «Моя игра» реалити шоу
15.00 «Регина+1»
16.00 Т/х «Сәлем саған, Астана!»
18.10 Т/х «Аяла мені»
21.00 Сериал «Возвращение к себе»
00.50 Шоу «Ну-ка, все вместе»
04.40 Т/х «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 3 шілде

ҚАЗАҚСТАН
06.05, 02.45 «Жәдігер»
06.25 «Ақпарат»
06.45 «Мұра»
07.05 «Ауылдастар»
07.30, 02.15 «Күй-керуен»
08.00, 01.50 «AQSAYYT»
08.25 «Зинһар»
09.10 «Әндер мен жылдар»
10.00,18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Қазақстан дауысы». Балалар
14.10 М/ф «Биші қыз»
15.35 Концерт «Құс қанат ғұмыр»
17.25 «Әйел әлемі»
20.00, 01.00 «Апта»
21.00 «Жас домбыра» тікелей эфир
23.00 Т/х «Жат мекен»
00.00 «Әзіл әлемі»

ХАБАР
05.00, 16.00 Сериал «В чужом краю»
07.00 Т/х «Өз үйім»
08.45 «Самопознание»
09.00 Концерт «Тұран»
11.00 Кино «Шал»
12.45 Т/х «Келінжан»
18.00 «Өмір жолы» Н.Тілендиев
18.45 Концерт «Жүрегім менің»
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.30 Т/х «Көкжал»

АСТАНА
06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.20, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х«Айнұрдың арманы»
14.00 «Алдараспан»
18.20 Х/ф «Я пышка»
20.00 «SarapTimes»
21.00 «Қара ниет» телехикаясы
23.35 Х/ф «Гламур для дур»
01.10 Т/х «Өрмек»
03.10 «Әзіл кеші»

ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.25 «Той базар»
07.30, 05.00 «Той заказ»
08.00, 02.40 «П@ytina»
08.55 «Воскресные беседы»
09.10, 21.00 Т/с«Своя земля»
13.45 «Пусть говорят»
15.15 Сериал «Наседка»
18.55 «Добрый вечер, Казахстан!»
20.00 «Грани»
01.20 «Что? Где? Когда?»

КТК
07.05 «Мерекелік концерт»
«КТК қоржынынан»
07.30 «Жүрегімсен келгелі бақытты»
09.20 «Юморина»
11.20 Мелодрама «Одессит»
15.00, 02.20 К/ф «Сен үшін жаралғандаймын»
16.50 К/ф «Бейтаныс жұлдыз»
18.20 «Уақыт» Тоқтар мен Бейбіттің ән кеші
21.00 Мелодрама «Почти вся правда»
00.40 «Меч» криминальный детектив
03.50 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әйгілі режиссер»
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Безбен»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.30 «Талқы»
14.15 «Сделано в Казахстане»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әдебиет пен адамзат»
18.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әндер мен жылдар» концерті

31 КАНАЛ
06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Тамаша live»
08.00, 01.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 М/ф «Иван Царевич и серый волк-4»
11.50 Кино «Келинка тоже человек»
14.00 Х/ф «Робот по имени Чаппи»
16.50 Х/ф «Падение ангела»
19.20 Х/ф «Сокровище Амазонки»
21.00 «Біздің шоу»
23.00 Кино «Мен жұлдызбын»
02.00 «What`s up?»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Құтты қонақ»
07.30, 02.50 «Сәлем, Қазақстан!»
09.00 Сериал «Возвращение к себе»
13.00, 00.50 Шоу «Музыкальная интуиция»
15.00 «Регина+1»
16.00 «Күнім сен сәнбешi»
19.00 Т/х «Аяла мені»
21.00 Сериал «Лабиринт»
04.20 Т/х «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ҚАЗАҚТЫҢ ӘН ӨНЕРІ ЖӨНІНДЕ ӘҢГІМЕ ҚОЗҒАЛА ҚАЛСА, ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ДОСЫ БЕЛГІЛІ ЭТНОГРАФ ҒАЛЫМ ГРИГОРИЙ ПОТАНИННІҢ «МАҒАН БҮКІЛ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ӘН САЛЫП ТҰРҒАНДАЙ КӨРІНЕДІ» ДЕГЕН СӨЗІ ЕСІМІЗГЕ БІРДЕН ОРАЛАДЫ. ӘРИНЕ БҰЛ СӨЗДІҢ АСТАРЫ ҚАЗАҚТЫҢ ӘНГЕ ДЕГЕН БИІК ҚҰРМЕТІН, ШЫНАЙЫ МАХАББАТЫН КӨРСЕТСЕ КЕРЕК.

АРҚАНЫҢ АҚБЕРЕНІ

Ұлттық өнер қазақтың бой тұмарына айналған ұлы дүниесі. Осы орайда һәкім Абайдың да:

«Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.
Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім қозғалсын» –

деуі халқымыздың ықылым заман, сан ғасырдан бергі ән құдіретіне деген сенімін нығайта түспек. Қай дәуірде болмасын бабамыздан қалған асыл мұраны келешек ұрпаққа қаймағын бұзбай жеткізушілеріміз баршылық. Кешегі аты аңызға айналған Арқаның атақты сал серілері Ақан, Біржан, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Мәди, Иманжүсіптерден мұраны аманаттап қабылдаған, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Қали Байжанов, Байғабыл Жылқыбаевтар әнді өз тұғырынан тайдырмай дәуірлете дәстүр сабақтастығын бергі ұрпаққа жеткізді. Осы Арқа дәстүріндегі үлкен мектептің жалғастырушылары Игілік Омаров, Гүлбаршын Ақпанова, Қайрат Байбосынов, Қарақойшы, Ғалым Мұхаммединдер еді.

Мен бүгін Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының және Жаңарқа ауданының құрметті азаматы Тайжан Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, Тайжан ақынның әндерін жинақтап насихаттаушы сырбаз да саңлақ әнші Ғалым Мұхамедин жайлы көңілдегі көркем дүниелерді сыр ғып шертуге қолыма қалам алып отырған жағдайым бар. 1977 жылы әскери міндетімді атқарып келгеннен кейін туған ауылымда бір жыл жұмыс жасап, келесі жылы күзде Алматы ауылшаруашылық институтының бірінші курсына түскен кезім. Гоголь-Мұратбаев көшесінің бойында жатақта тұрамыз. Бөлмемізде қабырғада ілулі Қазақ радиосы саңқылдап тұратын еді. Бала күнгі әдетім бойынша шамам келгенше радионы жібермей тыңдап жүремін. Көрші бөлмедегі менен екі курс жоғары, топырақ зерттеу факультетінде оқитын Жұмағали деген азамат та радио тыңдауға құштар екен. Екеуіміз кездескен сайын радиодан өткен әндер туралы әңгімеміз таусылмайды. Бірде Жүсіпбек Елебеков, бірде Ғарифолла Құманғалиев,бірде Дәнеш Рақышев, бірде Қайрат Байбосыновтардың әншілігі туралы айтып, аузымыздың суы құрып жүргеніміз. Өйткені ол да, мен де, домбырамен өз әлімізше ән айтамыз. Бірде Жұмағали жерден жеті қоян тапқандай қуанып бөлмеме келді. «Қошан, бүгін мен радиодан бір керемет ән тыңдадым, дауысы өте ашық Кәкімбек Салықовтың «Жезкиік» әнін айтты» деп таң қалып отырды. Не керек ендігі жерде Жұмағали мақтауын жеткізген әншінің орындауындағы әнді күтумен жүрдік. Араға айлар сала бір күні түскі демалыс концертінен «Жезкиікті» жаңағы әншінің саңқылдатсын. Жұмағалиға барып, өткендегі әншіні мен де тыңдадым, есімі Ғалым екен дегенімше, ол да тыңдап, ата тегін жазып алған екен «Мұхамедин» деп қостай жөнелді. Ойымыз бір жерден шығып, ендігі жерде әлгі әншінің орындауындағы әндерін екіжақтап іздей бастадық. Кезі келсе тыңдап, өз тарапымыздан ризашылығымызды білдіріп жүретін болдық. Осылай жүргенімізде менің әскерде бірге болған жезқазғандық досым Алпысбай Тұрсынбеков консерваторияға күйші Мәлғаждар Әубәкіровтің класына оқуға түскен екен, мені жатаққа іздеп келді. «Жезкиік» әнін ендігі жерде құлпырта ол орындасын. Күйшімін дегені болмаса, ол да табиғатынан керемет әнші еді. Не деген әуелеген сұлу дауыс, ғажап ән. Әңгімеміз жарасып, одан ән үйрене бастадық. «Жезкиік» әнінің шығу тарихын сұрадық. Сөзін жерлесі Кәкімбек Салықов деген үлкен ақынның жазғанын, әнін Жақсыгелді Сейіловтің шығарғанын, бірінші орындаушысы әлгі біз іздеп жүрген Ғалым Мұхамедин екенін айтып берсін. 1978 жылы біздермен қатар Алматыға келіп, Эстрада цирк студиясына Жәнібек Кәрменовтің класына Ырымтай Бөдесов, Мейірхан Адамбеков деген қарағандылық жігіттердің түскенін айтқан Алпысбай, біздерді апарып, сол азаматтармен таныстырды. Алматының қақ төрінде орналасқан Эстрада цирк студиясында Қазақстанның халық әртістері Жүсіпбек Елебеков атындағы Арқа, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс дәстүріндегі екі жылдық үлкен екі мектеп бар еді. Бұл оқу орнының абыройы Алматыда өте жоғары болатын. Енді біз, жатақты былай қойғанда Эстрада цирк студиясына барып, ән тыңдап, үйренуді әдетке айналдырып, небір әншілермен сыйласа бастадық. Дегенмен бірінші орындаушысынан естіген «Жезкиік» әні көп азаматтардың орындауында біздің көңілімізден шыға қоймағанын несіне жасырайын.

1980 жылдың күрең күзі болатын. Республика көлемінде тұңғыш рет Әміре Қашаубаев атындағы әншілер байқауы өтетінін теледидар, радиодан хабарлап, газеттер жарысып жазып жатты. Айтқан межелі уақыт жетіп, жан-жақтан жүзге тарта сен тұр мен атайын өнерпаздар Алматыға ат басын тіреді. Қазақ елінің аспанына қоңыр домбыраның күмбірімен әннен шашу шашты. Байқаудың қазылар алқасына Байғали Досымжанов, Бекен Жылысбаев, Дәнеш Рақышев, Жәнібек Кәрменов т.б. мүйізі қарағайдай өнер тарландары жайғасқан екен. Қазақстан ұлттық арнасы Әміре Қашаубаев атындағы бірінші республикалық әншілер байқауын арнайы түсірсе, Қазақ радиосы тікелей эфир арқылы барын сала насихаттады. Мұны сол кездегі жол бастар ағаларымыздың ұлт өнеріне жанашырлығы демей, қалай дейсіз. Ауылшаруашылық институтының студенті болсам да жанымда өнерге жақын Хамитов Түймебай, Нышанқұл Тілеуов деген достарым бар, консерваториядан Нұрлан Хамзин, Алпысбай Тұрсынбеков, Эстрада цирк студиясынан Ырымтай Бөдесов бәріміз үш күн сабақты тастап, осы байқауды тамашаладық. «Теңіздің тіліп толқынын,Торала қазын ұшырған» демекші, үш күндік жарыс мәресіне де жетті. Республикалық байқаудың бірінші орынын жаркенттік Мырзахмет Мүкәманов, Әміре Қашаубаев атындағы Семей филармониясының әншісі Бақыт Үдербаева иеленсе, екінші орынды алматылық Қасен Төпеев, семейлік Келденбай Өлмесеков, үшінші орынды павлодарлық Ожаев Төлеген, алматылық Мырқаев Жақсылық, Эстрада цирк студиясының екінші курс студенті Мейірхан Адамбековтер алды. Басқа да марапат жүлделерді саңлақтар бөлісіп жатты. Жезқазған облысы үкілеп бәйгеге қосқан, біздер жанында жанкүйер болып жүрген талаптың тұлпарын мінген Ғалым Мұхамедин ағамызға үздік орындаушы аталымы берілді. Осы сапар Ғалым ағамызды теледидар, радиодан журналистер таласа-тармаса, жапа тармағай жазып алды. Қашанда

орындаушысы келіскен әннің бағы жанады емес пе, сол кезде Жақсыгелді Сейілов ағамыздың «Жезкиік» әнінің де Ғалым Мұхамединнің де тасы өрге домалап, қазақ радиосынан ән жиі беріліп, сиқырлы дауысының бунақ-бунақ бүлкіліне қызыққан домбыра ұстаған өнерпаздар жапа тармағай осы әнді үйреніп айтатын болды. Қалай десек те, Ғалым орындаған небір әндер, ән сүйер қауымның жүрегінде тастағы жазудай әсем өрнегімен бүгінгі күнге дейін жаңғырып тұрғаны хақ. Ерекше сезімде болған біздер де Ғалым ағамыздың осы сапарында жанында жүріп, өзімізге ұнаған әнді өз аузынан естіп үйрендік. 1982 жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданынан өзін Ғалекеңнің төл шәкірті санайтын Саламат Қазақбаев Эстрада цирк студиясына Жәнібек Кәрменовтің класына келіп түсті. Бірінен бірі асатын таңдайынан ән қоздаған азаматтар Арқаның ән дәстүрінің туын желбіретті.

«Өмірдің жолы сан тарау, кезі келсе біреуіне түсесің де кетесің» деп үлкендер айтқанда мұнысы қалай деп таңырқайтын едік. Замана өзгеріп, дәуір алмасып, басшылық елді нарық заманына ауыстырған кезде біздер де мамандықты өзгертіп, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде он жылдай қызмет істеп, журналист мамандығын алып, Қазақ радиосының бас директоры Жүрсін Ерманның шақыруымен 2008 жылы Қазақ радиосына, қызметке келдім. Мақсатым қазақтың хандары, батыр, би, шешен, жырауларының өткен тарихын, сонымен қоса жастарымызға өсиет, насихат беретін «Толғау», «Термелерін» халыққа жеткізу.Әр өңірдің тарихи дүниелерін

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

насихаттай келе Арқаға тірелгенде Ғалым ағама қалай тоқталмайын. Өйткені ол кісінің қоржынында тағылымды дүниелер баршылығы өзіме мәлім еді.

Алматыға сирек келетін, Ғалым ағамызбен телефон арқылы хабарласып тұратынмын. Концерттік сапармен Алматыға бір келгенінде арнайы іздеп барып, Қазақконцерт залында жолықтым. «Радиодан сенің жүргізетін жыршы жыраулар жайлы «Інжу-Маржан», «Терме», хабарыңды тыңдап тұрамын» деп ризашылығын білдірді. Арқа жері де, терме, толғаулардан кем емес еді ғой, сіздердің неге орындамайтындарыңызға таң қаламын, бабалар мұрасы осылай ұмыт болып қала бермек пе деп, Ғалым ағама наз білдіре, зілді сауал тастадым. *«А, онда мен дайындалайын, тағы бір келгенде екеуміз біраз дүниелер жазармыз»* деп уәдесін берді. Бірер жылдан соң Ғалым ағам арнайы дайындалып, қазақ радиосына менің «Інжу-Маржан» хабарыма белін бекем буа арнайы келді. Әңгімеміз қыза-қыза Ғалекеңнің студенттік күндеріне келіп тірелдік. Небір қызықтарын айта келе ұстазы жөнінде былай толғанған еді.

Жүсекеңнің мен соңғы шәкіртімін. Өйткені жетпіс төртінші жылы біз оқуға түскенде Жүсекең жетпіске келді. Сол 70 жасындағы оқытқан шәкіртімін мен. Содан, екі жылдан кейін қайтыс болды. Кезінде өзімен бірге біраз гастрольдерге алып жүрді. Талдықорған, Алматы облыстарын араладық. Сол кезде Жүсекеңнің концерттердегі айтқан әуендері әлі күнге құлағымда жаңғырып тұр. Ол кісінің кереметтілігі сол, ауданнан өтіп, екінші совхозға келгенде репертуарындағы әндерін жиі ауыстырып отыратын. Үніне адам таңғаларлық керемет еді, сиқырлы әншілігі болатын. Бұл қалай десем, сонда әндерді есте сақтап, ұмытпау үшін қайталап айтады екен ғой. Маған: *«Ғалым, сен де, айтатын әндеріңді көбірек ауыстырып отыр, бір жерде бір әнге қақалып тұрып қалмаңдар, оған да адам үйреніп алады да содан шықпай қояды дейтін еді»* – деп Ғалекең әуелі біраз отырып қалды.

Бұрынғы Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданына жолыңыз түсіп бара қалсаңыз, көлденең жатқан Көктал өзеніне бет шайып, Ақтау, Сарытау, Қаратұмсық деп аталатын, жан-жағын жалтыраған шағын бұлақтар көмкерген, жатаған тауларға, салқыншақ жүлгелерге неше өнерпаздың табаны тиген, сусып көшкен шағылдың бетіндей селеулі далаға, өсиеті мен қасиеті мәшһүр жерге тап боласыз. Әрине бұл өлкеде әнші де күйші де көп.Соның бірі Ғалекеңмен Жезқазған филармониясында бірге қызмет еткен концерттік сапарларда бірге жүрген жолдасы Ахат Байбосынов. Ол кісінің де досы жайлы пікірін білген едім.

«Ғалым Мұхамедин туралы айтатын болсақ, бір күннің уақыты жетпейтін шығар. Оны, олай деп айтатын себебім, бала кезімізден бірге жүрген доспыз.Тұрмысымыз ол бөлек әңгіме, ал енді үлкен сахнада 76 жылдан бастап, 2005 жылға дейін отыз жылдың отарында бірге қызметтес болдым. Ғалымның дауысының диапазонының кеңдігі, әншілік шеберлігі, оны айтатыны жоқ, ол өзінше бөлек әнші. Сондай баритон дауысты әншілер баршылық қой, бірақ алғашқы шыққан кезінде Жүсекеңнің шәкірттерінің ішінен Ғалымды көбінесе, Қали Байжановқа телитін. Сөйтіп жүргенде Ғалым өзіне тән стилін тауып алды. Қазір өзіндік нұсқасы бар,өзінің жолы бар бірегей әнші. Ол өзінше, жеке мектеп, көптеген шәкірттерін тәрбиелеп жатқан азамат қазір. Енді оның бір таңқалатын да жерлері бар, Ғалекең ешкім білмейтін әндерінді нұсқаға келтіріп отырады. Мысалға, кейбір әндердің бірінші, екінші нұсқалары болады ғой, сәтін Құдай солай қып сала ма, бірінші нұсқасын ылғи Ғалым орындап қалатын. «Жезкиікті» бірінші айтқаны сияқты. Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» деген толғауын білесіз, оның бірінші нұсқасын да, Ғалым орындаған.

Баяғыда Жүсіпбек Елебековтің 70 жылдық мерейтойында, Ғабиден Мұстафин, Әлкей Марғұлан, Ғазиза Жұбановалар көздері тірі кезінде осы әнді тамашалап, қатты риза болған. Сондықтан Ғалымның бұл жердегі еңбегі өте зор. Өкінішке қарай, бұл әнді ешкім жеткізіп айта алмады, мүмкін естімеген де шығар, естісе де, ала алмаған шығар деп ойлаймын. Дегенмен ол нұсқа, сол нұсқа боп қалады-ау. Менің естуімше шәкірттері, осыны әрі қарай жалғастырғанға ұқсайды», – деп Ахат мырза да досына деген жақсы лебізін білдірген еді.

«Әндердің ұлы атасы Қанат талды, Арқада аңыратып Сейітжан салды» десек, Үкілі Ыбырайдың ізін жалғастырушы шәкірті, Тайжан екендігі де белгілі, одан ән үйренген Нартайлар Сыр, Арқа, оңтүстік өңірді аралап, талай ән салды. Сынаптай сырғыған уақытқа дауаңыз бар ма. Қаншама күміс көмей әншілер өмір көшінен өтсе де олардың ізбасарлары мұраларын жалғастыруда. Кешегі жас өрен Ғалымыңыз да бүгінде жетпіс деген жасыңызды алқымдап, сексеніңіздің ауылына қарай беттегелі отыр. Өз мамандығын жанымен сүйгендігі емес пе, жалаңаяқ жар кешіп, қызылаяқ қыр кешіп, бар ғұмырында қоңыр домбырасын белінен тастамай, бүгінде ұмытылған немесе сирек орындалатын әндер жинап, халқымыздың мәдени игілігіне айналдыруда. Кезінде «Ұлытау» ансамблімен ФРГ, Москва, Литва, Грузия, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстанға сапар шексе, «Жез киік» ансамблімен Қазақстанның барлық өңірлерін аралап, киелі сахналарында қазақтың әнінің құдіретін танытa білді. «Алтын кесе», «Қос апаның әні», «Көк айдай», «Ертөлеудің әні» және Үкілі Ыбырай, Тайжан Қалмағамбетовтың ұмыт болған әндерін халық арасынан жинап, Сәтбаев қаласында Тайжан Қалмағамбетов атындағы Республикалық әншілер байқауын екі дүркін өтуіне себепкер болды. Халық жауы болып атылып кеткен Тайжан ақынның әндерін халыққа жеткізуін өтінген ұстазы Жүсіпбек Елебековтың аманатын орындап, он алты әнін жинақтап, қазақ музыкасының алтын қорына енгізді. 2011 жылы «Жез киік», 2013 жылы «Алтын кесе» күйтабағы жарық көрді.

1952 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Ескене ауылында дүниеге келген Ғалекең 1969 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін туған ауылында ауылшаруашылығының әр түрлі саласында еңбек етті. Табиғи талантының арқасында 1971 жылы Жаңарқа аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі, 1973 жылы Жезқазған облыстық көркемөнерпаздар байқауының жүлдегірі атанды. 1985 жылы жастардың Республикалық «Жігер» фестивалінің, 1988 жылы Республикалық Әміре Қашаубаев атындағы байқаудың жүлдегері атанды.

1993 жылдан бастап Жезқазған музыкалық колледжінде домбырамен ән салу мамандығы бойынша Жүсіпбек Елебеков дәстүрін насихаттап, дәріс беруде. Ғалым Мұхамедин 1999 жылы академик Қ.Сәтбаевтың сүйіп орындайтын әндер байқауының бірінші жүлдесін иеленді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Алғыс хатымен» және 2002 жылы Мәдениет министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 2002 жылы «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағымен, 2006 жылы Қарағанды облысы әкімінің сыйлығы «Халық әндерін үздік орындаушы» аталымының иегері, 2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл мерекелік медалімен марапатталды. 2012 жылы «Жаңаарқа ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. 2014 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына байланысты «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 2018 жылы Қарағанды облысы әкімінің сыйлығы «Мамандығына адалдығы үшін» аталымы бойынша марапатталды. 2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл мерекелік медалімен марапатталды. Ғалекеңе зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілейміз!

Қошан МҰСТАФАҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, журналист

● 24 маусым – Судья және сот қызметкері күні

ҮЛГІ ТҰТҚАН ҰСТАЗДАРЫМЫЗ ЕДІ

Біздің қоғамымыздың ең асыл құндылығы адам екені Ата заңымызда айрықша айтылғаны баршаға белгілі. Қасақана қылмыс жасауға бел буған қасқөйлермен қатар, «Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» жегендей жаза басып, жаңылысып қылмыс жасауға мәжбүр болып, айыпталушылар орындығына отыратын жандар да болатыны құпия емес қой. Тіптен жалған жала жабылып, сотқа ісі түсетін адамдар да соттың алдына келетін жағдай да кездеседі.

Иә, адам тағдыры ойыншық емес. Сондықтан адам тағдыры қыл үстінде тұрған осындай күрделі кезде қара қылды қақ жарып, әділ шешім шығару әрбір судья үшін асыл парыз болып табылатыны белгілі. Міне, осы тұста судьяның білімі мен біліктілігі, ой орамы мен жинақтаған тәжірибесі, ішкі сенімі мен сезімі сын тезіне түседі. Жазықсыз жанның жапа шегіп, ал керісінше қандықол қылмыскердің құтылып кетпеуі үшін заң талаптарына сүйене отырып, ақиқатты айғайлатып, шындықты шыңғыртып дәлелдеумен қатар, кейде айыпталушы адамның тағдырын шешетін сәтте оның ақ пен қара екенін ажыратытын таразы басы теңселіп тұрған кезде жеті өлшеп, бір кесетін әділ де дұрыс кесім айту үшін судьяның ішкі сезімі мен сенімдігі ерекше жетіліп, дамып, орнықты қалыптасуы қажет етіледі. Мұндай қасиет адамның бойына үнемі ізденіс пен тынымсыз тәжірибе жинақтаудың арқасында қалыптасатыны аян. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деп халқымыз бекер айтпаған ғой, судьялық қызметке сот жүйесінде түрлі қызметтер атқарып, бұл саланың қазанында қайнап, біршама тәжірибе жинақтаған жастарды қабылдаудың мақсаты да осында жатса керек. Халқымызда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген аталы сөз бар. Мұның мағынасы – билік айтушы ешкімді алаламайтын, адал, қара қылды қақ жарған әділ болу деген бабадан қалған астарлы ұғым.

Жалпы айтқанда, судьяның қабылдаған шешімі оның кәсіби біліктілік дәрежесі мен білімінің көрсеткіші болып табылады. Судьяның шынайы тәуелсіздігі заңды қатаң сақтауы мен өзі қабылдаған шешімнің дұрыстығы мен әділеттігіне сенімділігіне негізделеді. Халқымыздың тарихындағы «Бетің бар, жүзің бар» деместен, қаймықпай турасын айтатын, туғанына да бұрла тартпастан әділ үкім кесетін билердің жалғасы болып табылатын судьялар бүгінгі таңда тек әділ шешім шығарып, халықтың сотқа деген сенімін арттыруға, заңға сүйене отырып, қоғамымызда әділдікті орнату жолында еңбек етіп келе жатқаны мәлім. Осындай мәртебелі де жауапты жұмысты абыроймен атқарып, бүгінгі таңда бейнетінің зейнетін көріп, еңбек демалысында жүрген біздің қалалық соттың да отставкадағы судьялары бар. Судьялардың кәсіптік мерекелері тұңғыш рет атап өтілгелі отырған кезде біз есімдерін мақтанышпен атайтын әріптестеріміз жайлы айта кеткен абзал. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді халқымыз. Сондықтан орай келіп тұрғанда осы адамдар жайлы тілге тиек етсек артық болмас.

Талдықорған қалалық сотының бұрыңғы төрағасы Жасамұрат Әбілмәжінұлы Сағымбеков 1986 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заңгерлік бөлімін бітірген соң, Семей облысы Киров аудандық халық сотында тағылымдамадан өткен. 06.1987 – 11.1996 жылдар аралығында осы облыстың Көкпекті ауданында халық судьясы болып қызмет атқарған. Сосын Семей облыстық сотының судьясы болып қызмет істеп, 1997 жылы Шығыс Қазақстан облысына судья болып ауысқан. Осында бес жыл қалтқысыз қызмет еткен соң Алматы облыстық сотында судья болып тағайындалған. Өзінің өнегелі еңбегінің арқасында 2010 жылы Алматы облысының Панфилов аудандық сотының төрағасы болып тағайындалды. Ал, 2014 жылы Алматы облысының Талдықорған қалалық сотына төрағалыққа тағайындалған Жасамұрат Әбілмәжінұлы 02. 2017 жылы Алматы облыстық сотына судьялыққа ауысып, осы жерден отставкаға шықты. «Ұтымды іс ұйымдастырудан» деп дана халқымыз жайдан жай айтпаған ғой. Мәселен, Жасамұрат Әбілмәжінұлы Талдықорған қалалық сотына басшылық еткен кезеңде ұжымды бір қолдың саласындай, бір атаның баласындай ұйыстыра біліп, сот төрелігін атқару сапасын жақсарта түсу жолында жақсы жетістіктерге қол жеткізе білді.

Алтай Әбуғалиұлы Аенов 1980 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің заңгерлік бөлімін бітіріп, Торғай облыстық сотында тағылымдамадан өткен. Бір жылдан соң осы соттың мүшесі ретінде қызметке кіріскен. 1988 жылы Талдықорған облыстық сотына судья болып ауысқан. Сегіз жыл жемісті еңбек еткен соң Талдықорған қалалық сотына судья болып тағайындалған. Қалалық сотта жиырма жыл табан аудармай еңбек еткен Алтай Әбуғалиұлы өзінің өнегелі еңбегімен көзге түсіп, жас судьяларға да өзінің бай тәжірибесін үйретуден жалықпай, ұжым мақтанышына айналған. Осы жерден отставкаға шыққан Алтай Әбуғалиұлы қол қусырып қарап отырмай, адвокаттық қызмет атқарып, белсенді еңбегін жалғастырған. Өкінішке орай, еңбекқор жанды тұтқиылдан келген ажал арамыздан мерзімінен бұрын алып кетпегенде, күні бүгінге дейін бізбен қоян қолтық бірге жүруі де мүмкін еді.

Байназарова Найля Нұрлыбекқызы 1983 жылы С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заңгерлік бөлімін бітірген соң, Алматы облыстық атқару комитетінің әділет бөлімінің кеңсе меңгерушісі, аға кеңесшісі қызметтерін атқарған. 1986 жылы Алматы облысы Жамбыл аудандық сотының халық судьясы болып сайланған. Кейіннен Алматы облысы Кербұлақ аудандық сотына судья болып тағайындалған. Осында бес жыл абыройлы еңбек еткеннен кейін 2003 жылы Алматы облысының Талдықорған қалалық сотына судья болып тағайындалып, осы жерде 12 жылға жуық жемісті жұмыс жасап, отставкаға шыққан. Найля Нұрлыбекқызы өзімен қызметтес болған қалалық соттың жас судьяларына тәлімгер ретінде көп көмегін тигізді. Әділ шешім шығару үшін кейде туындайтын кейбір күрделі мәселелердің түйіндерін тарқату тәсілдерін де Найля Нұрлыбекқызынан үйренген болатынбыз. Біз өзіміздің бұрынғы әріптесімізбен қазіргі кезде де байланысып, хабарласып тұрамыз.

Орайы келгенде, қалалық сот ұжымы еліміздің барша сот қызметкерлерін бірінші рет аталып отырған «Судья және сот қызметкері» күнімен шын жүректен құттықтай отырып, артылған жүгі ауыр абыройлы міндеттерін мінсіз атқарып, халық сеніміне ие болуға шын жүректен тілектеспіз!

Самал ҚАЛИМОЛДИНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ВАЖНЫЕ НОВОВВЕДЕНИЯ В КОНСТИТУЦИЮ

5 ИЮНЯ ТЕКУЩЕГО ГОДА СОСТОЯЛСЯ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ ПО ВНЕСЕНИЮ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В КОНСТИТУЦИЮ, ГДЕ ТЕПЕРЬ БУДЕТ ВНЕСЕНЫ РЯД ПОПРАВОК ОСНОВНОМУ ЗАКОНУ КАЗАХСТАНА. ОДНИМ ИЗ ВАЖНЫХ НОВОВВЕДЕНИЙ ЯВЛЯЕТСЯ ТО, ЧТО КОНСТИТУЦИОННЫЙ СУД БУДЕТ ВОЗОБНОВЛЕН. КАК ИЗВЕСТНО, КОНСТИТУЦИОННЫЙ СУД В КАЗАХСТАНЕ БЫЛ СОЗДАН В ГОД ОБРЕТЕНИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ И УТВЕРЖДЕН ВЫСШИМ ОРГАНОМ СУДЕБНОЙ ЗАЩИТЫ КОНСТИТУЦИИ. ОДНАКО ЭТОТ СУД, ДЕЙСТВОВАВ ВСЕГО 3 ГОДА, ПРЕКРАТИЛ СВОЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В СВЯЗИ С ПРИНЯТИЕМ ДЕЙСТВУЮЩЕЙ КОНСТИТУЦИИ. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КОНСТИТУЦИОННОГО СОВЕТА, СМЕНИВШЕГО ЕГО, ПРОДОЛЖАЛАСЬ 27 ЛЕТ.

Создание Конституционного суда в целом можно считать самым крупным изменением в обеспечении верховенства закона. Стоит отметить, что создание Конституционного суда было предложено главой государства Касым-Жомартом Токаевым в послании *«Новый Казахстан: путь обновления и модернизации»* от 16 марта текущего года. Причина в том, что компетенция Конституционного суда гораздо шире, чем Конституционного совета. И в защите конституционных прав граждан.

По факту, каждый гражданин страны, юридическое лицо, а также другие представители общества вправе обратиться в Конституционный суд с заявлением о нарушении своих конституционных прав и законных интересов. Если у граждан есть сомнения в соответствии какого-либо закона или нормативно-правового акта требованиям Конституции, они могут самостоятельно обратиться в Конституционный суд для защиты своих прав.

Поскольку обращаться в Конституционный совет имеют право только государственные органы и должностные лица, Конституционный совет гражданам такой возможности не дает. Отсутствие юридической силы решений Конституционного совета также свидетельствует о слабом уровне его защиты граждан. А исполнение решений Конституционного суда - обязанность.

Еще одна приятная новость, что в этом году в республике впервые отмечается праздник работников суда. Когда работники других отраслей ежегодно отмечали свои утвержденные профессиональные праздники, суды связывали свои праздники с днем принятия Конституции Республики Казахстан – 30 августа. И вот, в конце марта текущего года постановлением правительства Республики Казахстан внесены дополнения в перечень праздничных дат в Республике Казахстан, где дополнен пунктом «День судьи и работника суда – 24 июня». Постановление введено в действие со 2 апреля 2022 года. Появление нового праздника обосновывалось «как дань признательности» казахстанским судьям.

Безусловно, профессиональный праздник имеет большое значение для повышения престижа судов Казахстана. Отметим, что официальная информация о связи Дня работников суда с 24 июня свидетельствует о том, что в закон «О судебной системе Казахской ССР», в этот же день внесены изменения и дополнения о том, что правосудие осуществляется только судом. Этим законом уточнено, что суды республики образуют Верховный Суд РК и местные, то есть областные, городские, районные и военные суды. Следовательно, избрание 24-июня как профессиональный праздник судов Казахстана не случайно.

Пользуясь случаем, поздравляю всех сотрудников суда и коллег с профессиональным праздником. Желаю крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов в труде.

Аскар БЕИМБЕТОВ,
судья СМУС Алматинской области.

ЗАКОН

ДЛЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОЙ ЗАЩИТЫ

Надо сказать, что частью 1 статьи 15 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК) установлено, что орган, ведущий уголовный процесс, обязан охранять права и свободы граждан, участвующих в уголовном процессе, создавать условия для их осуществления, принимать своевременные меры к удовлетворению законных требований участников уголовного процесса.

Как известно, что согласно пункту 4) части 3 статьи 33 Закона Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» адвокат, выступая в качестве защитника или представителя, правомочен в соответствии с процессуальным законом знакомиться с материалами, касающимися лица, обратившегося за помощью, включая процессуальные документы, следственные и судебные дела, и фиксировать содержащую в них информацию любым способом, не запрещенным законами Республики Казахстан.

Как видно, в действующем УПК, запрета на снятие копий документов, не содержащих охраняемую законом тайну, с использованием технических средств, не имеется. Следует отметить, что императивных норм уголовно-процессуального закона, непосредственно обязывающих орган досудебного расследования знакомить защитника с материалами дела со снятием копий с помощью научно-технических средств, до окончания досудебного расследования, также не имеется.

Таким образом, следовательно, отказ органа досудебного расследования в удовлетворении ходатайства стороны, по использованию технических средств копирования в ходе ознакомления с процессуальными документами, если предоставление их копий прямо не предусмотрено УПК, не нарушает требований уголовно-процессуального закона и, соответственно, не может быть признан судом незаконным.

Поэтому принимая во внимание, что орган, ведущий уголовный процесс, обязан охранять права и свободы граждан, участвующих в уголовном процессе, создавать условия для их осуществления, принимать своевременные меры к удовлетворению законных требований участников уголовного процесса, полагаем, что предоставление органом, осуществляющим досудебное расследование стороне защиты возможности фиксировать процессуальные документы (которые по нормам УПК предоставляются им для ознакомления, и не содержат охраняемую законом тайну) с помощью технических средств, не противоречит нормам уголовно-процессуального закона и способствует созданию условий для осуществления эффективной защиты прав и интересов граждан.

Айгуль КАСЕНОВА.
судья СМУС Алматинской области.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

ПОЗИЦИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА УКРЕПЛЯЮТСЯ

Всем известно, что в Республике Казахстан государственным языком является казахский язык. Государственный язык – это язык государственного управления, законодательства, судопроизводства и делопроизводства, действующий во всех сферах общественных отношений на всей территории государства. Государственный язык – не только яркий, ни с чем не сравнимый символ нашей государственности, но и одно из главных условий укрепления независимости страны, надёжная гарантия сохранения самобытности народа, культуры, залог успешного взаимообогащающего сотрудничества всех национальностей и народностей, населяющих нашу страну.

В связи с обретением казахским языком статуса государственного заметно изменились и его роль и функции в различных сферах науки. Особенно стала отмечаться роль казахского языка в процессе терминологизации, т.е. все больше стали использоваться в качестве терминов исконно казахские слова. Интернациональные термины стали заменяться казахскими вариантами, возросла активность архаизмов, пассивных слов и т.д. Таким образом казахское терминообразование стало на новый путь развития, так как оно было продиктовано требованиями нового времени в истории независимого государства.

В нашей республике для расширения сферы применения государственного языка принимаются эффективные меры и статус казахского языка укрепляется. Об этом также подтвердил Глава государства К.К.Токаев в своем выступлении на Национальном курултае. Он высказался о статусе казахского языка – заявил, что причин для беспокойства по этому поводу нет. В частности, Президент заявил, что позиции государственного языка укрепляются день ото дня.

«Кроме того, казахский язык проникает в мировую коммуникационную среду. Недавно известная компания Apple добавила казахский язык в языковую систему iOS. Телеканал Nickelodeon, транслирующий на 40 языках, начал вещание на казахском языке. По инициативе молодежи уже 6 лет издается журнал National Geographic на нашем родном языке.

Таких хороших новостей немало, поэтому, я думаю, нет причин для особого беспокойства. Тем не менее, мы должны быть настойчивыми в нашей работе в этом направлении. Пока существует казахское государство, будет и казахский язык»,- заявил Токаев.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

КОРРУПЦИЯ

НЕГАТИВНОЕ ЯВЛЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Хотя в нашей республике в настоящее время ведется активная борьба против коррупции, мы нередко слышим о коррупционных действиях тех или иных высокопоставленных чиновников через информации средств массовых информации, в основным за взятки или похищения бюджетных средств.

Что такое коррупция? Надо сказать, было бы ошибочно понимать под коррупцией банальную взятку, которая является только одной из разновидностей этого преступления. Если пояснить простым языком, коррупция - это получение материальных и юридических преимуществ путем обхода законов в своих интересах, это и решение локальных частных проблем за счет «своих» людей. Коррупция - это ни что иное, как использование государственных функций в частных интересах, которые, как правило, идут вразрез с интересами общества, интересами национальной безопасности государства.

Необходимо сказать, что коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. И главное - это существование таких неоспоримых негативных последствий коррупции, как: снижение качества госуслуг, создание предпосылок для роста теневой экономики, укрепление позиций криминальных структур, международного терроризма и экстремизма. Уровень и масштабы существующей в стране коррупции сдерживают экономическое развитие, негативно отражаются на инвестиционном климате, снижают имидж страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан.

Поэтому, в этой связи борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана. Яркое подтверждение этому высказывание Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева: «Борьба с коррупцией является одним из приоритетов стратегического развития страны. И в этом направлении реализован ряд важных задач: Казахстан вступил в международную организацию ГРЕКО, законодательно введено освобождение руководителей за коррупционные правонарушения подчиненных, усилена работа по экспертизе нормативно-правовых актов на коррупционные риски».

Примечательно, что активная государственная поддержка развития институтов гражданского общества в виде разработки и принятия соответствующих нормативных правовых актов, льгот и размещения социального государственного заказа среди неправительственных общественных организаций привело к возрастанию активности населения в антикоррупционной деятельности. Это может положительно повлиять на снижения уровня коррупционных правонарушений в нашем государстве.

Жанар МУХАТАЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Текелийского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СПОРТ ШОЛУШЫСЫ

ЖҮРЕГІ КЕҢ ЖУРНАЛИСТ

«ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫ ҚАСТЕРЛІ ДЕ ҚАСИЕТТІ МАМАНДЫҚ. СЕБЕБІ ЖУРНАЛИСТ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАП, МҰҢЫН МҰҢДАП, ШЫНДЫҚ ТУЫН КӨТЕРІП ЖҮРЕДІ», – ДЕП О. САБЫРБЕК АҒАМЫЗ БОСҚА АЙТПАҒАНДАЙ... МІНЕ, ОСЫНДАЙ ЖАННЫҢ БІРІ «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ РИШАД ТҰРҒАНБАЕВ. ХАЛЫҚҚА ШЫН ЖАНАШЫР, ЖҮРЕГІ ЕЛІМ, ЖЕРІМ ДЕП СОҒАТЫН ОТАНЫНА АДАЛ АЗАМАТ.

Бала кезінен журналист болуды армандаған Р. Тұрғанбайұлы мүйізі қарағайдай М. Жылқыайдаров, Ж. Елшібек, Ж. Дүкенбаев, Н. Жүнісбаев, Ә. Әрін сынды журналистер шыққан Қаратал ауданы Көпбірлік ауылында туып өскен. Оқу бітіретін жылы тегін ауыстырып, құжаттары кешігіп келген соң армандаған мамандығына жете алмай, Талдықорған қаласындағы Жетісу Мемлекеттік университетіне физика-математика факультетіне оқуға түседі. Оқуын бітірген соң өзінің туып өскен ауылының А. Байтұрсынов атындағы мектепте информатика пәнінің мұғалімі және тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары болып 4 жыл қызмет атқарады.

Кейін Талдықорған қаласына көшіп келіп, мектептерді аралап, жұмыс іздеп қалада жүргенде «Офсет» баспаханасының жанынан өтіп бара жатып, «Жетісу» газеті деген жазуға көзі түседі. Жүрегіне жылу берген бұл жазу өзіне тартып, ғимараттың ішіне кіруге шақырғандай. *«Кірсем бе, кірмесем бе, деп жүрексініп, не дайындаған мақалам жоқ, кіргенде не деп айтамын»* деген оймен ұзақ тұрып, соның өзінде өзін жігерлендіріп, «Жетісу» газеті редакциясына кіреді. Кабинеттердің сыртындағы журналистердің атын оқып, дәлізді аралап жүргенде ашық тұрған Әміре Әріннің кабинетіне келеді. Онда кіріп, жөнін айтып, қайдан келгенін, неғып жүргенін түсіндіреді. Алланың өзі жол сілтеген болар, сол кезде газет бетін жасайтын терімші-дизайнер іздестіріп жатқан сәт екен. Мектеп жүйесі мүлде бөлек болғанмен, үйреніп кетемін деген ниетпен жұмысқа орналасуға өтініш береді. Сол кездегі «Жетісу» газетінің редакторы Жақыпжан Нұрғожаев Р. Тұрғанбаевтың көзіндегі отын, талпынысын көріп, «Кемінде үш жыл жұмыс жасайсың» деген шартпен жұмысқа қабылдайды. Өздері қумаса кетпейтінін айтып, 2001 жылдың қазан айында ресми түрде газетке жұмысқа орналасады. Арманына бір табан жақындаған Ришад Тұрғанбайұлы 3 жыл дизайн бөлімінде жүреді. Дизайнер бола жүріп, спорт жарыстарына қатысып, «Жетісу» газетіндегі спорт бөлімінің меңгерушісі Болат Абағанға мақаласын жазып көрсетіп, газетке шығарып жүреді. Жүрегі спорт журналистикасы деп соққан жас маман бірде спортқа сараптамалық мақала жазып, Жақыпжан Нұрғожаевтың назарына ілінеді. Ол кісі Р. Тұрғанбаевтың талантын, журналистикаға деген махаббатын оның ішінде спорт журналистикасына деген ерекше талпынысын байқап, 2004 жылы спорт бөліміне ауыстырады. Арманына жетіп, тілші атанып, Б. Абағанның жанында жүріп, журналистиканың қыр-сырын үйренеді. Тілшілікпен қатар 2005 жылы жауапты хатшының көмекшісі қызметіне тағайындалып, екі жұмысты бірдей алып жүреді. 2008-2009 жылдары Жетісу Мемлекеттік университетінде «Журналистика» мамандығы ашылып, бірден сол жылы оқуға тапсырып, журналист мамандығын алып, нағыз тілші атанды. Газеттің барлық бөлімінде, яғни техникалық бөлімнен бастағанда журналистика бөлімдерінде жауапты қызмет атқарған Р. Тұрғанбайұлы қазір Талдықорғанға ғана емес, Қазақстанға танымал, беделді тілші.

Айтуынша «Жетісу» газетінде жұмыс жасап жүріп, Астана қаласындағы Несіп Жүнісбаев басқарған республикалық «Спорт» газетінде Алматы облысының спорт тілшісі болып, республикалық газетке күн құрғатпай Жетісу өңірінде өткен спорттық жарыстарды жазып жүрген. Сонымен қатар Спорт басқармасымен бүгінгі күнге дейін тығыз байланыста баспасөз хатшысы қызметін атқарады.

2013 жылы спорт журналистеріне берілетін үлкен марапат, Сейдахмет Бердіқұлов атындағы жүлдеге ие болған Ришад Тұрғанбаев, тағы «Ақпарат саласының үздігі» атанған. Мұнымен шектелмей осы күнге көптеген жүлделер мен марапаттар, облыс әкімінен құрмет грамотасын алған.

Журналистік өміріндегі қарбаластан тыс 2017 жылы «Намыс-жебе» атты кітабы жарыққа шыққан.

– *Кітап таза спорт жайында, яғни елімізде тұңғыш рет 2011 жылы өткен «Азиада» ойындары, Лондон Олимпиадасы, ұлттық спорт жайында, спорт жұлдыздарымен сұхбаттар және ардагер спортшыларымен сұхбат сынды 5 бөлімнен тұрады. Бүгінгі күнде кітап түгелдей таратылып кетті,* – деген қаламгер тағы спорт жайында және проза жанрында қалам тартып жүргенін тілге тиек етті. Биылғы жылға әңгіме кітабын шығаруды мақсатына алып, қалам тербеп жүрген журналист 2021 жылы проза жанрында «Ақ қауырсын» атты облыс әкімінің жүлдесін ұтып алған.

21 жыл «Жетісу» газетінде қалтқысыз қызмет етіп арасында 2014-ші жылы «Жетісу» футбол клубында жұмыс жасап, тілшілер арасында «Бесаспап» атанған маман: – *Менің осы уақытта жеткен жетістіктерім көп деп айта алмаймын, бірақ бір өзіме жеткілікті. Осының барлығына жетуіме бірден бір себепкер осы «Жетісу» газетім. Себебі мені Ришад етіп, журналист етіп тәбиелеген, менің университетім де, институтымда барлығы осы «Жетісу» газеті* – деп ағынан жарылған ол, ғасырлық тарихы бар басылым, мықты қаламгерлердің ордасы, білікті журналистердің ұстаханасына айналған «Жетісу» газетінің өміріндегі маңызын түсіндірді.

Болат Абаған, Жанкүміс Жәмеңке, Әміре Әрін, Нүсіп Жүнісбаев сынды журналистика алыптарынан бағыт-бағдар алып, сол кісілер көрсеткен сара жолын қуып, өзіндік стилін қалыптастыра білген Ришад Тұрғанбайұлы маңайына тек жақсы адамдардың кездескенін тілге тиек етті. Қай салада болсын, мейлі өмірде болсын, жалпы, осы кісілердің мектебінен шығып шыныққан, біреуге дос, біреуге шәкірт, біреуге ұстаз бола білді. Әлі күнге үйренерім көп деген тілші тәжірибесі көп журналистерге қарап бой түзейтінін де айтты.

Бір жағынан тілші қызметін атқарып, бір жағынан кітап жазып шабыт тұлпарында жүрсе де, шәкірт тәрбиелеп, жас мамандарға жол көрсетуден де жалықпаған Р. Тұрғанбаевты тағы бір қырынан таныдық. Сегіз қырлы, бір сырлы ағайымыз Жетісу мемлекеттік университетінің журналистика мамандығында оқитын студенттерді тәжірибеден өткізіп, тілші болудың қыр-сырын үйретеді. – *Нүсіп ағамыз студент балалардың тәжірибеден өтуіне сен жауап бересің деп, 2014 жылы мені сайлап қойған. Алғашқы шәкірттерім Жадыра Медетбек пен өзің болғансың. Содан бері тәжірибеден өтуге келген студенттерге өзім жауаптымын. Дегенмен, сол балалардың барлығында менің қолтаңбам бар деп айта алмаймын. Себебі кейбірі менімен қалады, қалғандарын тәлімгерлерге бөліп беремін. Біздің газетте тәжірибеден өткен балалардың 90 пайызы жұмысқа орналасты, ал соның кем дегенде 70 пайызының жұмысқа орналасуына қол ұшын бердім. Яғни, мекемелерге баспасөз хатшылары керек болып жатады, сайттарға, басылымдарға тілшілер керек болып жатады. Міне, соларға жол сілтеп, көмек көрсеткеніме қуанамын* – деп шәкірттерінің келешегіне де бей-жай қарамайтынын байқатты. Тәжірибеден өтіп, журналистиканың қыр-сырын үйреніп, білімін сусындатқан Ришад ағайдың шәкірттерінің алды белді, беделді журналист болып, жақсы қызмет атқаруда.

Бір-біріне жалғасқан дүниеде жастарға қол ұшын созып жол сілтеп, келешекте олар кейінгі жастарға көмектесіп, ақыл-кеңесімен бөліседі деген ниетпен осы үрдістің жалғасуын қалайтын Р. Тұрғанбаев елінің шын жан-ашыры екені рас.

Ел ішіндегі өткен әлем чемпионаттары мен Азия чемпионаттарынан қалмай қатысып, репортаж жасап, қандай да бір спорттық жарыстарды үзбей соларды халыққа жеткізіп отырған, қай жерде дүбірлі спорт сол жерден табылатын Ришад ағай шет елге шығуды да жоспарлауда.

«Менің үш отбасым бар» деген ол, өзінің жеке отбасынан бөлек, тағы «Жетісу» газетін және еліміздің спортшыларын отбасына балайтынын айтып, еліміздегі кез келген спортшылармен еркін хабарласып, қоян қолтық араласатынын да тілге тиек етті.

– *Ресей мемлекетінде, Голландия елінде, тағы басқа шет мемлекеттерде үлкен спортта жүрген қазақтарымызды теріп, «Қиырдағы қазақтар» деген мақала жаздым. Атап айтсам, Түркиядан Голландияға көшіп барған Мұрат Онал деген футболшымызды тауып алдым. Сол кісімен сұхбаттасып, өзіміздің газет бетіне шығарып, таныстырғанмын. Сонан соң, ол Қазақстанға келіп, еліміздің жасыл алаңында доп тепкісі келетінін айтқан болатын. Және өзі айтқанындай, Оңтүстікте «Қыран» футбол командасында екі жылдай доп тепті. Қазір әлі күнге хабар алмасып тұрамыз. Тағы елімізде «Ole Brasil академиясы» деген жақсы бағдарлама болған, бұл Қазақстан футболшылары Бразилияға барып оқу оқитын. Сол жердегі балалардың тыныс тіршілігі мен танысып, қарым-қатынас жасап, жазғанмын. Тағы Қытайдың ұлттық құрамасында Дәстүр Тұрсынхан деген конькишіні, Ерланбек Кәтей деген палуан жігітті, футбол құрамасындағы қақпашы Ержет сынды спортшыларды Қазақстанға таныстырдым* – деп, спорт бетінің тілшісі ғана емес, олардың да шын жанашыры екенін көрсетті.

Спорт журналистикасының жазу стилі және халыққа жеткізу жолдарының ерекше және басқаша екенін айтып, түрлі терминдерді пайдаланып, оқырманды жалықтырып алмау керектігі жайында сөз қозғаған Р. Тұрғанбайұлы спорттың тілі әдеби тіл емес, ол таза спортты қызықтыра желпіндіре отырып жазатын өзге стиль, яғни «жеңіп алды» деген сөздің өзін бірнеше түрлендіріп жазу керектігін түсіндірді. Сонымен қатар материалды жеңіл жаза салу шарт емес, кез келген спортты жазбас бұрын оның ережесін білу керек екенін, шынайы делебең қозып отырып жазу керектігін үнемі шәкірттеріне үйретіп жүреді.

Кез келген спорттың өміршеңдігін насихаттаушы журналист: – *Бір кездерде Қажымұқан, Балуан Шолақ аталарымызды айтып жүріп, айналып келгенде қазақ күресінің деңгейін көтере алмадық. Бірақ 2011 жылдан бастап қазақ күресінің деңгейі бүкіл әлемге жайылып көтерілді. Бұған бірден бір себепкер «Қазақстан барысы». Сол жылы бірінші күннен бастап, қазақ күресіне белсене ат салыстым десемде болады. Ат салысуыма Бейсен Құранбек ағамыз ұйытқы болды. 2012 жылы қазақ күресінде «Қазақстан барысында» дайындық жұмыстары жүріп, аудандық іріктеу ойындарына турнир өтті. Бірақ өте нашар болғандықтан мен соны сынап жазған болатынмын. Сол еңбегім ұлттық күреске сыни мақала ретінде республика көлемінде тарап кетті. Сол кездері «Жетісу» телеарнасында директор қызметін атқарып жүрген Бейсен Құранбек ұлттық күресті ұйымдастыру алқасында жүрген болатын. Ол кісі менің сыни мақаламды оқып, шақырып алды. Барғанымда Бейсен ағамыз «Мақалаңды оқыдым, керемет екен. Сен бүгіннен бастап дайындал, Қазақстан барысында коментатор боласың» деді. 2013 жылы Астана қаласынан Арман Шораевтың атынан Жетісу редакциясына хат, яғни коментатор болуға шақырту келді. Басшылық қуана келісімін беріп, Астанаға бардым. Коментатор болып көрмесемде бірден құлаққап кигізіп, орынына отырғызды. Сол кездерде Есей Жеңісұлы, Ермұхамет Мәулен, Ермек Төрениязов сынды білікті коментаторлар мен бірлесіп жұмыс жасадым*. – деп, Қазақстан барысында 2 жыл коментатор қызметін атқарғаны жайында ой тербеді.

Спорт журналистикасында тағы бір қырымен танылған Ришад ағай ауыл балаларына да қол ұшын беріп, көмектесуден де қалыс емес екендігін байқатты. Ауыл, аудандарға бекер бармай спортқа бейім, икемі бар, көзге оттай басылатын балаларды жинап, жол көрсетіп, жаттықтырушыларымен табыстырып жүргенді әдетке айналдырған. Қазақтың намысын қорғап, чемпион шығады деген сеніммен жетелеген балалары қазірде спорттық жарыстарда белді орындар алып жүр.

Еліміздің келешегіне алаңдаушылық танытып, салауатты, білімді ұрпақ тәрбиелеу тек ата-ана мен мұғалімнің ғана қолында емес, әрбір қазақтың да міндеті деп білетін Ришад Тұрғанбайұлы оқуда жүрген балаларды да демеп, көмегін көрсетеді. Ол, ол ма, жүрегі мейірімге толы, қаламы ұшқыр, қоғам белсендісі спортшыларды жігерлендіріп, қанаттандырып мотивациялық жиын жүргізіп тұрады.

Табиғатпен тілдескенді ұнататын ол кісінің хоббиі қыс мезгілінде аңшылыққа шығу, жаз мезгілінде балық аулап, саяхаттау екен-ді.

Спорт саласын насихаттап, спортшылармен тығыз байланысып, аянбай еңбек етіп жүрген маман бүгінде үш перзенттің әкесі. Аяулы жары медицина саласының қызметкері. Отбасында болсын, бала тәрбиесінде болсын ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың берік сақталуын қатаң қадағалап мән беретін ерен тұлға.

Айнұр БЕКМОЛДИНА.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КИНО ӘЛЕМІ

ҮЗДІК ФИЛЬМДЕР ТОПТАМАСЫ

Журналистика – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін саланың бірі. Қыр-сыры көп мамандық киноматографтардың да назарынан тыс қалмады. Фильмдер мен телехикаялар көрерменнің журналистикаға қызығушылығын оятып, түрлі оқиғалар арқылы қызықтар мен қиындықтарды көрсетеді. Назарларыңызға журналистика жайлы үздік фильмдердің топтамасын ұсынамыз.

«Әзәзіл Prada киеді», Дьявол носит Prada, 2006 (The Devil Wears Prada)

Журналист болуды армандайтын Энди есімді қыз университетті тәмамдаған соң, Нью-Йорктегі ең ірі сәнді журналдың деспоттық редакторы, атақты Миранда Пристлидің көмекшісі болып орналасады. Әрдайым осындай жұмысты армандайтын қыз алдында қандай жағдайлардың күтіп тұрғанынан бейхабар. 2006 жылы ұсынылған Дэвид Френкельдің «Әзәзіл Prada киеді» фильмі көпшілікке ұнап, бірден назарын аудартады. Фильм сән үйлері мен белгілі журналдардың жабық есігінің артындағы өмірін сипаттайды.

«Қайырлы түн және сәттілік», Доброй ночи и удач, 2005 (Good Night and Good Luck)

Қайырлы түн және сәттілік – Джордж Клунидің көрерменге көңіліне жол тартқан туындының бірі. Оқиға желісі танымал тележүргізушінің американдық саяси жүйеге қарсылығы туралы өрбиді. Американың қоғамдық-саяси өміріне журналистердің әсерін айтудан Голливуд әлі де жалықпайды. Фильм репортерлердің қатысуымен орын алған тарихи оқиғаны баяндайды. Тарихи драма журналист Эдвард Мэрроу мен 1950-ші жылдары өзінің радикалды көзқарасы арқылы белгілі болған сенатор Мак Картидің арасындағы тетекресті баяндайды. Ал режиссер Джорж Клуни бұл оқиғаларды экран арқылы керемет көрсете алды.

Жазба, Секретное досье, 2017 (The Post)

The Washington Post редакторы Бен Брэдли мен баспагер Кэтрин Грэм АҚШ қорғаныс министрлігінің құпия құжаттарын жариялаған 1971 жылғы жазбаға назар аударылады.

Сіздің еліңіздегі ең үлкен әскери қызметтің құпия материалдары сіздің қолыңызға түседі деп елестетің көріңізші, сіз кенеттен соғыста адамдар неге босқа өлетінін түсінесіз. Бірақ бұл материалдар баспасөздің қолына түсіп, бүкіл ел бір сәтте олардың ұлдары, әкелері мен күйеулері 30 жыл бойы өз өмірлерін қатерге тігіп жатқанын, ал билік бұның бәрі бекер екендігін білетін болса ше? Басып шығарасыз ба немесе ақ үймен қарым-қатынасты сақтайсыз ба? Мансапты қауіпке тігесіз бе немесе қиналып өміріңіздің соңына дейін шындықты жасырып өтесіз бе? Дәл осы таңдау фильмнің бас-ты кейіпкеріне тап болады. Бұл таңдауға бір қарағанда көптеген адам байланысты болады.

Хант кеші, Охота Ханта, 1994 (The Hunting Party)

Әскери журналист Саймон Хант күйзелістен кейін көп адаммен байланысын үзеді. Бес жылдан соң оның әріптесі Дак Сараево қаласына жас репортер Бенджаминмен Босниядағы бейбіт уақыт туралы түсірілім жасауға келеді.

Кенет Саймон олармен байланысқа шығып, нағыз сенсация ұсынатынын айтады. Ол сербиялық әскери қылмыскерді табуға көмектесемін деп оларды әскери операция жүріп жатқан аймаққа алып кетеді.

Президенттің барлық адамдары, Вся президентская рать, 1976 (All the President's Men)

1976 жылы шыққан фильмнің режиссерлері Дастин Хоффман мен Роберт Рэдфорд. The Washington Post тілшілері Боб Вудворд пен Карл Бернстайнге «Уотергейт» қонақ үйінде АҚШ Демократиялық партиясының штаб-пәтеріне жасырын кірді деген айыппен тұтқындалған 5 адам жайлы материал дайындау тапсырылады. Нәтижесінде қолға түскен адамдардың CIA-мен байланысы бар болады, ал олардың мақсаттары жасырын тыңдау жұмыстарын жүргізу болғаны анықталды.

А. Бейсенғалиқызы

Сурет ғаламтордан алынды.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

«Оны білгенде»

Талантты журналист, ақын – Әміре Әрін екеуміз университетте бірге оқып, бір бөлмеде жаттық. Емтиханға кірген сәттерде ол – Байшегір, мен – Қабанбай бабамның аруағына сиынатынбыз. Кейіннен бір газетте қызмет атқардық. Қатты қалжыңдасамыз. Бірде:

– Найман екенсің ғой... Оны білгенімде сенімен бір университетте оқып, бір бөлмеде тұрмас едім... – дейді сөзбен қағыта.

– Көкейде жүрген ойымды дөп бастың... – дедім досыма.

– Жалайыр екеніңді білгенімде сен оқыған университетке оқуға түспес едім...

«Үйдегі боран...»

Қандас бауырымыз үйдегі келіннің ашуына шыдамай киімсіз қалпында далаға атып шығады. Қыстың күні болса керек, қарлы боран соға бастапты. Қораның бұрышында дірдектеп тұрғанын көрген құрдасы:

– Төке-ау, боранда тоңып қалдың ғой... Үйіңе неге кірмейсің? – дейді жаны ашып.

– Ой, З әке, үйдегі боран бұдан да қатты... – депті құрдасына.

«Үш күннен кейін өледі»

Жаңа қызметімен құттықтай келген Көкішті бұрынғы кластасс досы «Ертең келсін» деген желеумен екі күн бойы қабылдамай қойыпты. Үшінші күні ашу қысқан ол хатшы қызға:

– Бастығың Балтабайға айт. Үш күннен кейін өледі...– деп далаға шығып кетіпті.

Мұны естіген Балтабай ескі досын кабинетіне шақыртып алады.

– Үш күннен кейін өлетіндігімді қайдан білдің?...

– Әкем де өлерінен үш күн бұрын адам танымай қалған... – депті Көкіш креслосында шіреніп отырған Балтабайға.

Тұрлыхан КӘРІМ

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Жаз маусымында жиі тұтынылатын бақша дақылдарының бірі – қарбыз. Күн ыстығында шөл басуға таптырмайтын қарбызды қалай таңдаймыз?

ҚАРБЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

Қарбыз таңдар кезінде мына кеңестерге құлақ түріңіз.

1. Қарбызды өз мезгілінде сатып алыңыз. Ең дәмді қарбыз тамыздың ортасынан қыркүйекке дейін сатылады. Алайда тамыздың басында, тіпті, шілде айының соңында да піскен дәмді қарбызды кездестіруге болады. Бұл айлардан ертерек сатып алынған қарбыз піспеген, піссе де қосылмша зиянды заттармен егілуі мүмкін.

2. Оның сыртқы қабығына мән беріңіз, Жемістің қабығында жырық, жұмсарған жер болмауы тиіс. Сапалы қарбыздың сырты қатты және түсі жарқын болады.

3. Сары дақтары бар қарбызды табыңыз. Бұл кеңес жемісті таңдау кезінде ең маңызды болып табылады. Қарбыздағы сары дақ жемістің өздігінен піскенін, дәмді екенін көрсетеді. Және қоспа қосылмағанын білдіреді. Дақтың мөлшеріне назар аударыңыз: ол өте үлкен немесе тым кішкентай болмауы керек.

4. Жәй ғана саусақпен ұрып көріңіз. Бұл жағдайда дыбыс қатты шығуы керек.Ол жемістің «етті» екенін көрсетеді.

5. Қарбызды қысып көріңіз. Құлағыңызға жақындатып, бүйірінен қысыңыз. Немесе көлденең қойып, қысым жасаңыз. Сапалы қарбыз жарылуы керек.

6. Сондай-ақ түбіне мән берменіз. Көптеген адам құрғақ түпті қарбыздың піскендігінің көрсеткіші деп санайды. Шындығында, олай емес. Қарбыздың түбі құрғақ та, жасыл да болады. Ол алыс қашықтыққа тасымалдау кезінде кеуіп кетуден болады.

Ақпарат көзі: lifehacker.ru

СӨЗ ЖОҚ





Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айнұр БЕКМОЛДИНА – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 604
Индекс 15534